



14

МАУСЫМ  
СЕНІ

2014 ЖЫЛ  
№84-85 (18778-18779)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

## ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ ЕЛГЕ ОРТАҚ

Мемлекет басшысының қатысуымен бейсенбіде өткен кеңес отырысы шетелдік инвесторлардың Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының екінші бесжылдығын жүзеге асыруға қатысу мәселелеріне арналды және ЭКСПО-2017 тіркеу досесін қорғауға байланысты берілген Халықаралық көрмелер бюросының туын қабылдау салтанатымен басталды.

Қазақстан Президенті инвесторлармен тұрақты кездесу жақсы дәстүрге айналғанын, ал Кеңес өзін шетелдік бизнес үшін де, біздің еліміз үшін де ең маңызды тақырыптарда ашық диалог құрудың тиімді алаңы ретінде көрсеткенін атап өтті.

– Қазақстан он жылдан астам уақыт бойы кезең-кезеңімен орнықты макроэкономикалық орта құрды. Осы көрсеткіш бойынша біз 2013 жылы 23-орынды иелену арқылы қазірдің өзінде бәсекелестіктің жаһандық индексында алғашқы отыздық елдері қатарына кіріп отырмыз, – деп атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі инвесторлар үшін қосымша қолайлы шарттар тудыратынын айтты. Өйткені елімізде сауда, инвестиция, зияткерлік меншікті қорғау салаларында халықаралық ережелер қолданылатын болады.

Инвесторларға жәрдемдесудің тағы бір маңызды шарасы ретінде қаржылық қолдау мәселесі аталды.

Мемлекет басшысы бизнес байланыстар мен кәсіпкерлердің халықаралық кооперациясын кеңейту үшін визалық кедергілерді жою қажеттігіне тоқталды.

– Бүгін біз Қазақстанда барынша жоғары инвестициялық белсенділік танытқан он мемлекеттің азаматтары үшін біржақты визасыз режим орнату туралы хабарлаймыз. Бұл тізімге АҚШ, Нидерланды, Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Малайзия, Біріккен Араб Әмірліктері, Корея Республикасы және Жапония кірді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті басымдығы бар бағыттардың тартымдылығын көтеру үшін Үкімет әзірлеген ауқымды ынталандыру пакеті туралы да айтты.

Отырыс барысында «Тоталь», «Дойче Банк Франкфурт», «Эни», «Дженерал Электрик Ойл энд Газ», «Телиа Сонера», «Сбербанк России», «Эрнст энд Янг», «Анадолу Групп» және басқа да компаниялардың басшылары отырыстың негізгі тақырыбына қатысты өз пікірлерін білдірді.

Іс-шараның қорытынды бөлігінде «Бурабай-Қостанай» телекөпірі болып, оның барысында Мемлекет басшысы «Тойота» автомобильдерін шығару жөніндегі жобаны іске қосу рәсіміне қатысты.

## МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

## ҚАУЕСЕТКЕ СЕНІП ҚАЛҒАНДАР

### «кезексіз жер аламыз» деп арыздарын ала жүгіріпті

Неге екені белгісіз, аз ғана уақыт аралығында Қызылорда қалалық жер қатынастары бөліміне жеке үй құрылысы үшін жер учаскесін сұрап, арыз жазған байқоңырлықтар саны күрт артып кетті. Егерде сәуір айының соңында бірнеше адам арыз берсе, мамыр айында ол үш жүзге жеткен, ал маусым айында олардың саны мыңнан асып кетті. Әсіресе, соңғы күндері Ресей мемлекеттік мерекесі басталып, жұрт төрт күндік демалысқа шыққанда бір күннің ішінде Байқоңыр қаласының 325 тұрғыны Қызылордаға келіп, арыз беріпті. Сөйтіп, қысқа мерзім ішінде мұндай арыздардың саны 1627-ге жеткен. Бұл Қызылорда қаласында бір жыл ішінде қабылданатын арыз санына жуық.

Неліктен бұлай болуда? Мәселе мынада болып шықты. Кімнен шыққаны белгісіз, жүлдызды қалашық тұрғындарының арасында ғарыш айлағы тұрғындары үшін Қызылорда қаласынан жер учаскесі кезексіз беріледі деген қауесет сөз тарап кетіпті. Соған сенген байқоңырлықтар облыс орталығына ағыла бастаған.

Осы мәселенің мән-жайын түсіндіру мақсатында Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен баспасөз мәслихаты болып өтті. Онда ақпарат құралдары өкілдерімен жүздескен қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Балдырған Мәмен, қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы Мырзахмет

Дүйсенбаев, қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Пакуадин Шамұратов Қазақстан азаматтары еліміздің кез келген елді мекенінен бір мәрте тегін жер учаскесін алуға құқылы екенін жеткізді. Бұл ҚР Жер кодексында анық көрсетілген. Бірақ, жер алу туралы өтініштері арнайы есепке алынады және кезегі келгенде, сонымен бірге бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай жеке тұрғын үй құрылысы үшін бос аумақтар болған жағдайда қанағаттандырылады деп көрсетілген. Олай болса, байқоңырлықтар да жалпы кезекке тіркелетін болады. Ал Қызылорда қаласында 2004 жылдан бүгінгі күнге дейін барлығы 40858 арыз тіркелген. Демек, жақын күндері арыз тастаған байқоңырлықтар жоғарыдағы тізімнің жалғасы болып тіркеледі.

Баспасөз мәслихатында журналистер тарапынан қазіргі күні жердің берілуі жайы сұралды. Бүгінгі талап бойынша, инфрақұрылымы дайын болған аймақтардан ғана жер берілуі тиіс екені жеткізілді. Мұның өзі үлкен қаржылық шығындарды талап ететіні сөзсіз. Облыс орталығының шығыс жақ аймағынан қазіргі уақытта 980 гектар жер дайындалу үстінде. Қажетті қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылғаннан кейін осы аймақтан кезек бойынша жер беріле бастайды. Мұның өзі ерте дегенде келесі жылы жүзеге асырыла басталады деп күтілуде.

Ыдырыс ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

## ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ



Таныстық Жастар үйінен басталды. Балалар үйінің түлектеріне арналған жатақхана 2011 жылдың қараша айында пайдалануға берілген. Ғимараттың бірінші қабаты “Жас жеткіншектерді әлеуметтік бейімдеу орталығы” болып аталады. Мұнда балалар үйінің түлектері орналасады да 23 жасқа дейін тұрып, онан кейін жоғары қабаттарға көтеріледі. 2,3,4 қабаттарда бір бөлмелі 65 пәтер бар. Ол жерде жастар 29-жасқа

дейін тұра алады. Ал, жастардың санатынан шыққан соң кезек бойынша үй алып кетеді. Бүгінде мұнда 36 бала бар. Олардың екеуі кешкі метепке барса, төртеуі жұмыс істейді, ал қалған отызы кәсіптік колледж және өзге де орта арнаулы оқу орындарында оқиды. Биылдың өзінде балалар үйінен мұнда 11 бала келген.

2-бет

## АЙМАҚ ДАМУЫН АЙҚЫНДАЙТЫН МАМАНДЫҚТАРҒА ОҚИДЫ

Биылғы оқу жылының екі жүзге жуық түлектері Ресейдің жетекші оқу орындарына жолдама алды. Атап айтқанда, Мәскеу болат және қорытпа институтында – 153, ал Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық университетінде 41 жас талап оқитын болады.



Кездесуде аймақ басшысы Қ.Көшербаев, ҚР Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес төрағасы Ғ.Әбдірахымов облыс әкімі грантын иеленген оқу озаттарымен пікірлесіп, оларға сәт сапар тіледі.

«Жақында Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы тарихи құжатқа қол қойылды. Енді үш мемлекет халықаралық деңгейдегі заманауи сұрақтарға, шақыруларға бірге жауап беретін болады. Сіздер Ресейдің үздік ондыққа кіретін техникалық оқу орындарына барып, білім алайын деп жатырсыздар. Қызылорда өңірінде көптеген индустриалды-

инновациялық жобалар іске асып жатыр. Кәсіпорындар мен өндіріс ошақтары ашылады. Соған орай аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша білім жетілдіресіздер. Сіздер Елбасы мамандығын алуға аттанып бара жатсыздар. Елбасы жолын тілеймін! Елге оралып, экономикалық әлеуетімізді дамытуға үлес қосады деп сенемін», – деді Қырымбек Елеуұлы.

«Мен де шетелде білім алғанмын, 1997 жылдары Германияда «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқыдым. Сондықтан сіздердің қазіргі алып-ұшып тұрған көңіл-күйлеріңізді түсініп отырмын. Бүгінде біз ел экономикасына шама-шарқымызша үлес қосып жатырмыз. Сіздер де жақсы білім алып, аман-есен елге оралыңыздар» – деген кеңес төрағасы Ғабидолла Рахметоллаұлы білімпаз жастарға ақ жол тіледі.



Шара соңында оқуға аттанатын білімпаз жастар ел ағаларымен естелік суретке түсті.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



# ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ

Мұнда жеткіншектерге барлық жағдай жасалған. Жаттығу залы, демалыс бөлмесі бар. Жалпы, бұл жоба жетім балалар үйінен шыққан жастарды өмірге бейімдеу, олардың өз орындарын тауып, қоғамның бір мүшесі атануына ықпал ету мақсатында жүзеге асырылған. Осы бағытта жас қыз-жігіттерді үй шаруашылығына икемдеп, өз беттерінше өмір сүруге бейімдейді. Шығармашылықпен айналысамын деушілерге де жағдай жасалған. Бірі сурет салса, енді бірі тігін тигізде. Орталықтың өздерінің вокальды аспапты ансамблі де бар. Өнерпаз балалар меймандарға өз өнерлерін көрсетіп бағуда.

Ғабидулла Әбдірахымов жастар үйі тұрғындарының ахуалына, оқу үлгерімдеріне қызығушылық танытты.

Онан соң №3 қалалық емхана базасында орналасқан “Шапағат” жастар денсаулығы орталығы жұмысы таныстырылды. Орталық ҚР денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған “Саламатты Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасын және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің “Жастарға достық қарым-қатынас қызметін ендіру туралы” бұйрығының негізінде 2012 жылы қазан айында ашылды. Мұнда жастарға құқықтық, психологиялық және медициналық көмек көрсетіледі. Ең бастысы, қалада тіркеуде жоқ жастардың еш кедергісіз көмек алуын қамтамасыз етеді. Емхана бас дәрігері Болғанай Сарышеваның айтуынша, орталық ашылғалы бері 15 мыңға жуық жас психологиялық, құқықтық және медициналық көмекке жүгініп үлгерген. Осы орайда ол орталықтың жастар ортасында өзіндік маңызға ие екенін баса айтты.

Өз кезегінде Ғабидулла Рахметоллаұлы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің “Сейхун” спорттық-сауықтыру кешенінде болды.

Спорттық-сауықтыру кешені негізінен университет студенттерін спортқа баулу, денешынықтыруға тәрбиелеуге бағытталған. Яғни, саламатты өмір салтын қалыптастыру, жастарды өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға шақырады. Мұнда аумағы 44х22 метрді алып жатқан ойын залы, көлемі 11х25 метрлік жүзу бассейні және барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған жаттығу залы, екі сауна және бильярд пен үстел теннисі бар демалыс орны бар. Сондай-ақ, мұнда шағын футболдан, волейболдан, гандболдан тұрақты түрде жарыстар өткізіліп тұрады.

“Мұз айдыны” спорттық-сауықтыру кешені де соңғы жылдары шаһар сәнін келтіріп, тұрғындарды, әсіресе, жастарды салауатты өмірге үндеп, олардың қызығушылығын арттырып тұрған нысанның бірі.



Спорт кешені үш бөлімнен тұрады, жалпы аумағы сегіз шаршы метрге жуық. Мұнда хоккей, мәнерлеп сырғанау, шорт-трекпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Сонымен бірге гандбол, волейбол, баскетбол залдары да қарастырылған.

Меймандар соңғы нысан – “Жастар саясаты мәселелері” басқармасымен танысты. Мұнда басқарма басшысы Жандос Базартай мемлекеттік ұйымның қызметін баяндап, атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде әңгімеледі.

Басқарма 2013 жылы қараша айында құрылып, ағымдағы жылдың ақпанында өз қызметін бастады. Мұнда 32 қызметкер жұмыс жасайды. Байқоңыр қаласы мен жеті ауданда басқарманың бөлімдері жастарға қызмет көрсетеді. 2014 жылы облыстық бюджеттен 74 млн. 600 мың теңге қаржы бөлінген. Мәртебелі мейман психологиялық кеңес беру бөлмесінің және ақпараттық-сараптамалық бөлімнің жұмысына баса назар аударып, қызығушылық танытты. Басқарманың басты мақсаты облыс аумағында ҚР мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, жастардың рухани, мәдени, білім алу, кәсіби және жеке тұлғаның қалыптасуын да-

мыту, олардың мүдделеріне сай шығармашылық әлеуетін ашу үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасау, жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын жүзеге асыру болып табылады.

– Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Бүгінгі таңда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда біршама алға жылжушылықтар да жетерлік. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан жастарға деген сенім, жауапкершілік те артып келеді. Осы бағытта еліміздің еңселі болуына жас буын білім мен жігерін арнайды деп айта аламыз,– дейді басқарма басшысы Жандос Базартай.

**ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің XVIII көшпелі отырысы аясында кеңес мүшелері кеше Қорқыт ата атындағы университеттің Студенттер сарайында облыс орталығында білім алып жатқан студенттермен кездесті.**

Кездесуді ашқан Білім және ғылым вице-министрі Тақир Балықбаев ел дамуындағы жастардың рөлі тура-

лы айтты. Вице-министр Елбасының Жолдауынан туындайтын міндеттерді саралап, осы тарихи құжатта барша қазақстандықтардың алдына әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру тапсырмасы қойылғанын атап өтті. Мұның еліміздің болашағы саналатын жастарға ауқымды жауапкершілік жүктейтінін, өйткені стратегиялық бағдарламаларды тек озық ойлы жастар ғана орындайтынына тоқталған министрдің орынбасары білім саласын дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар туралы тарақтып, саланың жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын жеткізді. Мәңгілік ел идеясын жастар арасында кеңінен насихаттау жайын тарақты. Бұған қоса, ол жуырда үш мемлекеттің – Қазақстан, Ресей және Белоруссия Президенттерінің Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шартқа қол қойғанын, оның айтулы тарихи оқиға екендігін атап өтті. Енді білім саласында бәсекенің артатындығын, алдағы жылдан бастап заманауи технология мен жаңашылдықты игерген елдің озық ойлы тұлғалары Ресей мен Беларусь мемлекеттерінде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болатынына тоқталды. Мұнан соң бүгінгі жүздесу еркін пікір алмасу форматында өтетіндігін атап өткен спикер студент жастарға көкейде жүрген көп сауалдарға жауап алу мүмкіндігі туып отырғанын жеткізді. Ал, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, денсаулықты сақтау мен дамыту жайлы кеңес мүшесі, Денсаулық сақтау вице-министрі Болат Төкежанов айтып берді.

«Саламатты Қазақстан» бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы тарақтан министрдің орынбасары елімізде 80-нен астам денсаулық мектептері жұмыс істеп жатқанын,

оларда студент жастарға медициналық, әлеуметтік-психологиялық көмектер көрсетілетінін жеткізді. Айта кетейік, мұндай мектептің үшеуі біздің облыста.

Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудағы қызылордалық студент жастардың рөлі туралы Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеттің жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы Абылайхан Сабанбаев мәлімдеді. Оның айтуы бойынша, қазіргі таңда облыс орталығындағы 4 жоғары оқу орнында 14 мыңға жуық, кәсіби және техникалық білім беретін 34 орта оқу орнында 26 мыңға жуық жас білім алууда. Студенттер маңызды әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда белсенділік танытуда. Бұл мақсатқа бөлінетін қаражат көлемі де жыл сайын артып келеді.

Айта кетейік, жыл сайын жастар қоғамдық бірлестіктері, жастарға арналған қоғамдық шаралар және әлеуметтік маңызды жобалар саны артып келеді. Бүгінгі таңда облысымызда тіркелген жастар қоғамдық бірлестіктерінің саны 60-қа жуық болса, олардың тең жарымы белсенді жұмыс атқарып келеді. Аймақта соңғы 4 жылда бұл салаға 721 млн. теңге бөлінді. Биылғы жылы жергілікті бюджеттен 307,5 млн. теңге қаражат қаралып, маңызды деген әлеуметтік жобаларға қолдау білдірілген.

Бұған қоса, аймағымызда жыл басында «Жастарды қолдау орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылғанын, оның бөлімдері барлық аудандар мен Байқоңыр қаласында жастармен жұмыс атқарып жатқанын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, 2011 жылдан бастап, жастар арасында оң резонанс тудырып, кең қолдауға ие болған және белсенділігін арттыруға ықпал еткен жобалардың бірі – «Сыр үміті» сыйлығы. Жыл сайын әр түрлі саладағы 30 белсенді жасқа сыйлықты табыстау рәсімі өткізіледі.

Университет жастарының жетекшісі А.Сабанбаевтың айтуынша, оқу ордасында студенттердің білім алуы мен таланатты жастардың ғылыми инновациялық жобалармен айналысуына барлық жағдай жасалған. Мәселен, өткен жылы пайдалануға берілген 400 орындық жатақханада қазіргі күні студенттер мен магистранттар және осы университеттің ғылым докторлары қоныс еткен. Мұнан соң қаламыздағы қазақ гуманитарлық-заң және техникалық колледжінің I курс студенті Мақсат Тынымбай өзі оқитын оқу орнындағы жастар саясаты ісі бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды тарақты.

Басқосу барысында қызылордалық жастар еліміз бен облысымызда оқып жатқан студент жастардың мәселесіне қатысты сауалдар қойып, тұшымды жауаптар алды.

**Айнұр БАТТАЛОВА,  
Дәуіржан ЕЛҮБАЕВ.**

## “ЖАСЫЛ ЕЛ” ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Қызылорда облыстық әкімшілігінің мәжіліс залында ҚР Президенті жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңестің XVIII көшпелі отырысы болып өтті. Кеңес төрағасы Ғабидулла Әбдірахымов бүгінгі мәжілістің негізгі мақсаты 2005 жылдан бері Елбасының қамқорлығымен жүргізіліп келе жатқан “Жасыл ел” бағдарламасының өзекті мәселелері мен оны жетілдіру жолдары турасында болатындығын, сондықтан да кеңес мүшелері мен мәжіліскерлердің пікірсайысқа белсене араласуларын сұрады.

– “Қазақстан-2050” бағдарламасын іске асыратын да, республикамызды дамыған 30 ел қатарына қосатын да бүгінгі жастар,– деді мәжілісте сөз алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев.– Сондықтан да биыл мектеп бітірген 200-ден астам түлек Ресейдің жоғары оқу орындарының арнайы грантын иеленді. Олардың арасында тұрмысы төмен, көпбалалы отбасы балалары мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған жетім балалар баршылық. Олар – Сыр елінің жарқын болашағы, келешек облысымыздың өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосатын маман кадрлар.

Аймақ басшысы облыстағы жұмыс-

сыздардың 20 пайызын 29 жасқа дейінгі жастар құрайтынын, сондықтан оларды тұрақты жұмысқа тарту бағытында түрлі іс-шаралар жүргізіліп жатқанын, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы оң өзгерістер төңірегінде әңгіме өрбітті. Облыста өткен жылдармен салыстырғанда жастар араласатын салаларда ілгерілеушілік басым. Мәселен, “Жасыл ел” жобасына қатысатын жастар санын 500-ден 1000-ға жеткізу, оларға арнайы көлік бөлу қарастырылуда.

Мұнан кейін сөз алған ҚР Білім және ғылым вице-министрі Тақир Балықбаев жастар мен студенттерден құрылған республикалық “Жасыл ел” еңбек жасақтарының осы кезге дейінгі атқарған жұмыстары, оларға жергілікті әкімшіліктерден жасалған қамқорлық, бөлінген қаражат, оны жарату барысы туралы айтса, “Жасыл ел” еңбек сарбаздары республикалық штабының басшысы Рахат Хамидуллин алдағы міндеттерге тоқталды. Ал Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова Сыр өңірі, оның ішінде ауыл жастарына жасалған қамқорлық, бағдарламаның жүргізілу барысы, жобаның насихатталуы төңірегінде ой өрбітті.



Аймақта 2544 жастың тұрақты жұмысқа орналастырылғанын, жұмыссыздық деңгейінің 0,2 пайызға төмендегенін, “Жасыл ел” жобасы мен құрылыс жасақтарының саны өткен жылдан екі есеге артқанын жеткізген облыс әкімінің орынбасары алда атқарылар істерді саралады.

Көшпелі мәжіліске қатысушылар өздерін

тоғанды рған түйінді мәселе төңірегінде ой өрбітіп, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Мәселен, Семей, Атырау, Қызылорда сынды экологиялық аймақтарға көңіл бөлінсе, олардағы жастар жасақтарына қамқорлық күшейтіліп, ақпараттық-насихаттық жұмыс жандандырылса деген ұсыныс айтылды. “Жасыл ел” жасағы құрамында еңбек

еткен сарбаздардың айлық ақысын уақытылы төлеу және оны көбейту қажеттігі ескертілді. Кеңестің кезекті мәжілісін қорытындылаған кеңес төрағасы бүгінгі айтылған ұсыныс-пікірлердің назарда болатындығын баса айтты.

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**



КӘСІБИ КҮН

ДЕНСАУЛЫҚ  
САҚШЫЛАРЫНЫҢ  
МЕРЕКЕСІ

Кеше Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары Ғабдолла Әбдірахымов және ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Болат Төкежанов қатысты.



Салтанат сахнасына көтерілген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мерекелерін құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Ардақты ақ желеңді абзал жандар! Сіздерді кәсіби төл мерекелеріңіз – медицина қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер! Халқымыз қашаннан “бірінші байлық – денсаулық” деп денсаулықты дүниедегі барлық байлық атаулыдан жоғары қойып келеді. Ата Заңымызда “Мемлекеттің ең басты қазынасы халық және оның денсаулығы” деп айқын көрсетілген. Азаматтарымыздың рухани дүниесі мен денінің саулығы мемлекетіміздің басымдық беріп отырған маңызды міндеттерінің бірі. Елбасымыз Н. Назарбаев “Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі” деп “Қазақстан - 2050” Стратегиясында нақты атап өткен болатын. Бұл ретте саламатты қоғам қалыптастырып, дені сау ұрпақ өсіруге дәрігерлердің алар орны ерекше. Осы орайда облыс әкімдігі тарапынан медициналық қызметтің сапасын көтеруге барынша қолдау көрсетіліп келеді. Соңғы екі жылдың өзінде салаға бөлініп отырған қаржы көлемі үш есеге өсті.

Өңірімізде өмір сүру ұзақтығы артып, ана мен бала өлім-жітімі азайды. Көптеген жетістіктерге қол жеткізіп келеміз. Аймақта денсаулық сақтау саласын дамытудың Жол картасы жасалып, осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Облыста соңғы үш жылда 39 медициналық нысан пайдалануға берілсе, 2014-2015 жылдары 40 жаңа нысанды ел игілігіне беру жоспарымызда бар. Бүгінгі кәсіби

мерекелеріңіз тағы да құтты болсын! Еңбектеріңізге жеміс, отбастарыңызға амандық тілеймін, – деп аймақ басшысы жылы лебізін жеткізді.

Мерекелік шарада сонымен бірге ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Болат Төкежанов аймақ дәрігерлерін құттықтап, ыстық ықыласын жеткізді.

Онан соң бір топ медицина қызметкерлері ҚР Премьер-министрінің және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталса, бірқатар үздік қызметкерлер аймақ басшысының 1 млн. теңге сыйақысына ие болды. Сондай-ақ, бірқатарына “ҚР Денсаулық



сақтау ісіне қосқан үлесі үшін” және “ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі” төсбелгілері мен ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің “Құрмет” грамотасы табысталды.

Мерекелік шара онан әрі өнерпаздар концертіне ұласты. Белгілі әнші Әлібек Дінішев пен “НұрМұқасан” тобы әуелеткен әсем әндер мереке көркін қыздырды.

Айнұр СӨРСЕНБАЙҚЫЗЫ.

«ӨЗ ІСІНІҢ ҮЗДІК МАМАНЫ» НОМИНАЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША  
СЕРТИФИКАТ ЖӘНЕ 1 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ СЫЯҚЫМЕН  
МАРАПАТТАЛҒАНДАР

|    |                                   |                                                                                                                                                        |
|----|-----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1  | «Үздік мейірбике маманы»          | Дәуменова Клара, Қармақшы аудандық емханасының мейірбикесі                                                                                             |
| 2  | «Үздік емхана маманы»             | Мырзалиева Айнаш, Арал амбулаториялық емханалық қызметі бар аудандық орталық ауруханасына қарасты «Байтұрсынов» ауылдық емханасының учаскелік дәрігері |
| 3  | «Үздік акушер-гинеколог маманы»   | Кәрібаева Раушан Абатқызы, облыстық перинаталды орталығының дәрігері                                                                                   |
| 4  | «Үздік педиатр маманы»            | Диханова Әлима Жүнісқызы, қалалық № 4 емханасының педиатр дәрігері                                                                                     |
| 5  | «Үздік терапевт маманы»           | Бекжанова Сәуле, Жалағаш аудандық емханасының учаскелік терапевт дәрігері                                                                              |
| 6  | «Үздік ауылдық аурухана дәрігері» | Арысбаева Айбарша, Сырдария ауданының «Шаған» ауылдық ауруханасының дәрігері                                                                           |
| 7  | «Үздік ауыл дәрігері»             | Әбубәкір Темірбай Құтжанұлы, Қазалы аудандық емханаға қарасты «Өркендеу» дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелік дәрігері                        |
| 8  | «Үздік менеджері»                 | Ибраева Гүлнар Ибрайқызы, қалалық ауруханасының бас дәрігерінің орынбасары                                                                             |
| 9  | «Үздік фельдшер маманы»           | Ақжігітова Түрсұлу, Жаңақорған аудандық емханасына қарасты «Қырқеңсе» дәрігерлік амбулаториясының фельдшері                                            |
| 10 | «Үздік акушерка маманы»           | Палманова Қаныш Есмаханқызы, Шиелі аудандық орталық ауруханасының туу бөлімшесінің акушеркасы                                                          |

КЕЗДЕСУ

ҰЛТЫН СҮЙГЕН АРҚАЛЫ АЗАМАТ

Аптаның бейсенбісінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада мемлекет қайраткері, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков оқырман қауыммен жүздесті. Кездесуге зиялы қауым өкілдері, депутаттар мен “Нұр Отан” партиясының мүшелері, кітапхана оқырмандары мен студенттер қатысты.

– Қазақ ұлтының жоғын жоқтап, кемшін тұсын түзеуге атсалысып жүрген ғалым, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің өз ата-бабасының қаны тамған Сыр өңіріне ат басын тіреуі біз үшін үлкен қуаныш, – деді кездесудің кіріспе сөзін алған Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Бағдат Кәрібозов. – Өрине, ол кісіні бәріміз де әдебиетші-ғалым, қоғам қайраткері ретінде жақсы танимыз. Қазақ әдебиетінің тарихын қаузаған, түрік қанаты кезіндегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін қазақ тіліндегі аудармасын ғылыми айналымға енгізген, ұзақ жылдар бойы ұмыт қалған айтыс өнері мен Наурыз мерекесін өмірге қайта әкелуге атсалысқан, жамбылтанушы Мырзатай ағаның ел тарихына, әдебиет тарихына қосқан еңбегі өлшеусіз.

Ұлтын сүйген арқалы азамат 1960 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, сонда қызметке қалдырылды. Қазақ әдебиеті кафедрасында ассистенттіктен басталған ұстаздық жол оны филология факультетінің деканы дәрежесіне жеткізді. Одан кейін Талдықорған пединститутының ректоры, оқу министрі, білім министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Орталық комитетінде бөлім меңгерушісі, ҚР-ның Иран Ислам республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі, ҚР Сыртқы істер министрі жанындағы Дипломатиялық академияның ректоры қызметтерін абайрылы атқарды. Қай қызметте де ол өзін елін сүйген ұлтжанды азамат ретінде көрсете білді.

Сыр бойының әр жастағы өкілдерімен кездесуде сөз алған қоғам қайраткері, “Асыл арналар”, “Шірік дәурен”, “Тәуелсіздік тағылымы”, “Кісілік”, “Асылдарым” және басқа бірнеше кітап авторы Мырзатай Жолдасбеков ресми емес бұл сапарының мақсатын айта келіп, өзінің өмір жолын, отбасы мен ұрпақтары жайында, бүгінгі заман жастары төңірегінде кеңінен әңгіме өрбітті.

– Мен Мұхтар Әуезов, Бисенбай Кенжебаев,



Мұхамеджан Қаратаев, Зейнолла Қабдолов, Өзбекәлі Жәнібеков сынды қазақтың маңдайына біткен біртуар азаматтармен бірге қызмет істедім. Жамбыл, Кенен, Әбділда ақындармен сыйластым, – деді ол. – Бұл кісілерден бөлек өз ұлты үшін отқа да, суға да түсуге бейім талай жандармен қатар жүрдім. Бүгін мені осындай дәрежеге жеткізген ағаларыма, тұстастарыма алғыстан өзге айтарым жоқ. Мен сол асыл ағалардың атқосшысы болғанымды өзіме бақыт санаймын. Сонымен қатар өзімнің үмітімді ақтаған Қырымбек, Иманғали сынды шәкірттерімді мақтан етемін.

Елі ардақтаған азамат жүздесуге келген көпшіліктің қойған сауалына жан-жақты, тұшымды жауап бере отырып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы, ел тарихын, әдебиет тарихын қалпына келтірудегі кездескен қиыншылықтар, алғашқы қол жеткізген жетістіктер жөнінде ашық әңгімеледі. Кездесуде Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Қазыбай Құдайбергенов, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ержан Уәйіс, зейнеткер Тазагүл Сейітжанқызы сөз алып, ғалымның жұртшылыққа беймәлім қасиеттерін, кісілігі мен кішіпейілдігін еске түсірді. Жарты ғасырдан астам уақыт бірге өмір сүріп келе жатқан Мырзатай аға мен Мариям апайға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тіледі.

Қызықты да тартымды өткен кездесуге жиналғандар Кенен Әзірбаевтің, Мырзатай Жолдасбековтің әндерін тыңдады. Мырзатай аға өзінің бірнеше кітабы мен ән таспасын кітапхана қорына табыс етті.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

Өзбекстан Республикасы Ұлтаралық мәдениет орталығы және Республикалық қазақ ұлттық мәдени орталығының ұйымдастыруымен 2014 жылдың 17-19 мамыр күндері қазақ халқының данышпаны Әйтеке бидің 370 жылдығы және өзбек-қазақ халықтарының мәңгі достығына арналған “Біз – бір халықпыз” атты достық фестивалінің жоғары деңгейде өтуіне Қызылорда облысының қосқан үлесі орасан.

Қос ұлттың ынтымағын паш еткен шараға Қызылорда облыстық филармониясының “Тұрмағамбет” халық аспаптары оркестрі қатысып, қазақ ән-күй өнерінің балқаймағын бауырмал елге тарту етті. Осыған байланысты Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа және Сыр елі халқына Өзбекстанда тұрып жатқан қазақ халқы атынан үлкен алғысымызды айтамыз.

М.ҮКІБАЕВ,

Өзбекстан қазақтары атынан,  
Республикалық қазақ ұлттық  
мәдени орталығының төрағасы.

ШЕБЕРЛЕР ОРТАЛЫҒЫ  
АШЫЛДЫ

Өткен жұмада Тасбөгет кентінде облыс әкімдігі мен «Азаматтық Альянс» қауымдастығы және «Игілік» корпоративтік қорының қолдауымен «Қарлығаш» шеберлер орталығы ашылды. Орталықтың ашылу шарасына облыс әкімінің орынбасары Ғ.Әмреев қатысты.

Ұлттық өнерді дамыту мақсатында ашылып отырған орталықтың маңыздылығына тоқталған Ғ.Әмреев “Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясында мәдени мұра бағдарламасы аясында халықтың мәдени құндылықтары мен дәстүрді дамытуға ерекше көңіл бөлініп жатқанын атап өтті. Шындығында, көненің көзі болып есептелетін колөнерді қайта жаңғыртып, келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру бүгінгі міндеті. Бұл орайда облыс басшылығы ұлттық өнердің өрісін кеңейтемін

деушілерге әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Соның бірі, бүгінгі шеберлер орталығының ашылуы болып отыр. Мұндай қолдаулар болашақта жалғасын таба беретін болады” – деді.

Мұнан кейін сөз алған «Қарлығаш» шеберханасының төрайымы ата дәстүрді жаңғыртып, атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық шеберлерді дайындауға бар күштерін салатынын жеткізді.

Шарада шеберлер қолынан шыққан ұлттық киімдер мен қыздың жасауы, қазақы ою-өрнекпен өрнектелген көрпе-төсектер келушілер назарына ұсынылды.

Жарасхан ӨТЕБАЛИЕВ,  
Қорқыт ата атындағы  
ҚМУ студенті.



Аймақтағы белді компанияның бірі «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ жуырда Құмкөл кенішінде еңбек құқығы мен қауіпсіздігіне қатысты жұмысшылармен кездесу өткізді.

ПҚҚР АҚ кәсіподақ комитеті ұйымдастырған жиынға өндіріс басшылары, облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасы мен БАҚ өкілдері қатысты.

## ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТЫҢ ҰТЫМДЫ ҮЛГІСІ

Кездесуде мемлекеттік еңбек инспекторы Б.Досымов ЕАЭО аясында еңбеккерлердің біліктілігі жайлы, еңбек қауіпсіздігі мен құқығы жайлы кеңінен айтып берді. Ал, әлеуметтік әріптестік бөлімі басшысы А.Есетов жұмыссыздық жайын, еңбек қатынастарындағы дау-дамай, құқықтық оқыту, сауаттылық жайына тоқтала кетті. Өз кезегінде ПҚҚР АҚ кәсіподақ ұйымы төрағасы Е.Дүйсенов былтыр қабылданған ұжымдық шарт жетістігімен таныстырды.

Әлеуметтік жағынан қызметкерін қорғау кәсіподақ ұйымы үшін үлкен жұмыс. Ұжымдық шарт кәсіподақ заңы. Осы заң аясында еңбеккерлердің құқы қорғалып әлеуметтік мәселелері шешіледі. Бұл жағынан компанияның кәсіподақ ұйымы тегеурінді жұмыс істеп келеді. Ұжымдық шартта көрсетілген әлеуметтік пакеттер легі тікелей қызметкерлер мен жұмысшыларға, олардың отбасыларына арналған.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясы Президент Н.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауларынан туындайтын басым бағыттарды іске асырудан шет қалған емес. Елбасының, өндірістік қызметкерлердің жалақыларын өсіру тапсырмасына орай компания қызметкерлер мен жұмысшылар айлығына 10-24 пайыз аралығында үстемақы қосқан. Сондай-ақ, “Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам” бағдарламасын жүзеге асыру арқылы еңбек адамдарының құқықтары мен қауіпсіздігі, әлеуметтік әлеуеті жан-жақты қорғалған.

Былтыр компания әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті бірлесіп ұжымдық шарт ретінде бірқатар келісімдер жасасты. Жаңа ұжымдық шарт 2013-2016 жыл ішінде қолданыста болды.

Осы ұжымдық шарттың жобасын дайындау, әзірлеу барысында компанияның барлық бөлімшелері мен бөлімдерінен ұсыныстар берілген. Ол ұсыныстардың барлығы қаралып екіжақты комиссия шарттың жобасын қол қоюға ұсынды.

Жаңа ұжымдық шартта алдыңғы шартта көзделген жеңілдіктердің барлығы сақталып қалумен қатар, компания қызметкерлеріне қатысты жеңілдіктер мен құқықтар ұлғая түсті. Мысалы, санаторлық-курорттық жолдамалар сатып алуға компания әкімшілігі жыл сайын 60 000 000 теңге бөлуді қарастырды. Асырауында 18 жасқа толмаған төрт және одан көп балалары бар отбасыларына 40 АЕК мөлшерінде және асырауында мүгедек балалары бар қызметкерлерге

100 АЕК мөлшерінде төлем төлеу жөнінде жаңа жеңілдіктер енгізілген. Сондай-ақ, сыйақы төлеудің жаңа түрлері қаралған. Мәселен, Наурыз мейрамына, мұнай-газ өнеркәсібінің қызметкерлері күніне, Тәуелсіздік күніне 45 АЕК мөлшерінде, Отан қорғаушылар күніне 15 АЕК мөлшерінде, Халықаралық әйелдер күні мерекесіне 20 АЕК мөлшерінде қаралған. Және үйленген немесе тұрмыс құрған жағдайда 50 АЕК мөлшерінде, зейнет жасына жеткенде жұмыс стажына қарай 5 лауазымдық айлықақы мөлшерінде төлемақы берілетін болды. Сонымен қатар

сыйақы беру жүйесін құру жөніндегі бірқатар шаралар іске асырылуда. Осы шаралар аясында еңбек сапасына ақы төлеу қағидаты күшейтіліп, ақы төлеудің ішкі және сыртқы әділдігі, өтемақы пакеттерінің бәсекеге қабілеттілігі ұдайы назарда ұсталып келеді. Ұжымдық еңбек шартында көрініс тапқан айрықша жұмыс сапасын мойындау қамтамасыз етіледі. Өткен жылдан бері компания қызметкерлеріне төленетін жалақы мен жеңілдіктердің мөлшері өсті. Айталық, негізгі жалақы орташа есеппен 17%-ға, ал тікелей өндірісте жұмыс істейтін 1 000-ға жуық қызметкердің жалақысы 20-40 пайызға көбейді. Компания өз қызметкерлеріне ауқымды жеңілдіктер көлемін ұсынады. Олар медициналық сақтандыру, өндіріске байланысты жарақаттану және қайтыс болу жағдайына сақтандыру, қызметкерлердің асырауындағы балаларға материалдық көмек көрсету, тасымалдау, ұялы байланыс жабдықтары мен қызметтерін ұсынады. Сонымен қатар, отбасылық оқиғаларға байланысты қосымша демалыс күндерін беру, бала күтіміне байланысты корпоративтік жәрдемақы, компанияға тиесілі спорттық орындарға қатыстыру, санаторияға, жазғы балалар лагерлеріне жолдама беру және материалдық қолдау көрсету мақсатында әлеуметтік қордан материалдық көмек қарастырылған. Бір сөзбен айтқанда, компания басшылығы мен кәсіподақ комитеті арасындағы ұжымдық шарт, бұрынғы шартпен салыстырғанда «комақты әлеуметтік пакет» ретінде көзделді.

Компанияның зейнетке шыққан бұрынғы қызметкерлері, өндірістен мүгедектік алған қызметкерлер және асыраушысынан айрылуға байланысты залал өтемін алатын отбасылары да назардан тыс қалмауда. Бұл санаттағы адамдарға Наурыз мейрамы, мұнай-газ өнеркәсібінің қызметкерлері күні, Жаңа жыл мерекесі қарсаңында азық-түлік пакеттері таратылады.

Осы жетістіктердің барлығы – кәсіподақ комитеті мен компания басшылығының ұжымдық шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерді орындап, өзара тығыз ынтымақтастықта әрекет етуінің нәтижесі.

Жаңа ұжымдық шартты қабылдауда кәсіподақ комитеті, компания қызметкерлері мен әкімшілігі бірлесіп күш жұмсады. Тыңғылықты істің нәтижесіне компания жұмысшылары да дән риза.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

## СОТТАҒЫ ЖАҢА ЖҮЙЕ

қызмет атқаруда. Сондай-ақ екі судьялық орынға байқау жарияланыпты. Яғни, аталған сотта алдағы уақытта алты судья қызмет атқаратын болады. Сонымен бірге соттың жұмыс ауқымы артуына байланысты кеңсе қызметкерлерінің штаттық кестесі қайта қаралып, мамандар саны көбейтілген және жұмыс жүктемесіне сай олардың қызметтері онтайландырылған.

– Құқықтық мемлекет құруға бағытталған нық қадамдардың бірі сот қызметінің ашықтығы мен жариялылығына келіп тіреледі. Бұл қағидатты басшылыққа алу сот қызметін халыққа бір табан жақындата түседі. Сондықтан қоғамның даму кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдары санаға зор ықпал жасап қана қоймайды, сонымен қатар сот саласына деген сенімді нығайта беретін болады, – деді күн тәртібіндегі екінші мәселеге ойысқан төраға. – Өйткені, қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге жедел үн қосатын бұқаралық ақпарат құралдарыңыз елестету мүмкін емес. Ендеше сотқа баспасөз ау-

адай қажет. Соттың шешімі тек жазалау ғана емес, тәрбие мен үлгі ету мақсатын да көздейді. Бұл ретте БАҚ-тың рөлі өте маңызды.

Қазіргі уақытта сот төрелесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету жолға қойылып келеді. Мысалы, Қызылорда облыстық сотының ресми сайтында “Тыңдалатын істер тізімдері” атты жаңа бөлім құрылған. Оның негізгі мақсаты – сотта тағайындалған істердің кестелерімен жедел танысуға мүмкіндік беру. Бұған қоса, сайтты пайдаланушылар өздерін қызықтырған істердің өткізілу мерзімі, отырыс залдары жайлы толыққанды мәлімет ала алады.

Қағазбастылықтан арылып, сот қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында соттарда бейнеконференция жүйесі және сот процестерінің үн-бейне жазба (аудио-видео фиксация) техникалық құралдары кеңінен қолданылуда. Соның бір дәлелі, ЗК-169/5 мекемесінде жазасын өтеушілерді мерзімінен бұрын шартты түрде босату

## АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Қызылорда облыстық Үйлестіру Кеңесінің 13.09.2013 жылы өткізілген отырысының №7 хаттамасының 5 бөлігіне сәйкес, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментіне құқық қорғау органдарының облыс тұрғындарымен байланысты қалыптастыру, орнату, олардың ой-пікірлерін біліп отыру, сұрақтарына жауап беру мақсатында, сұрақтарды арнайы сараламастан, онлайн конференция шарасын өткізу межеленген болатын. Ондағы басты мақсат азаматтардың құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің әрекеттеріне қатысты арыз-шағымдарын, ой-пікірлерін білу, олармен кері байланыс орнату болды. Осы онлайн конференция үстіміздегі жылдың 29 қаңтарында құқық қорғау органдарының қатысуымен өткізілді. Онлайн конференция [www.kyzmet.gov.kz](http://www.kyzmet.gov.kz) сайтындағы мемлекеттік қызмет істері Департаменттің басшысы-Тәртіптік кеңес төрағасының жеке блогында ұйымдастырылды. Онлайн конференция барысында азаматтардан он екі өтініш түсіп, олардың тоғызына департамент басшысы тарапынан жауап берілсе, біреуіне облыстық прокуратураға, екеуіне Ішкі істер департаменті арқылы жауап берілді.

Сонымен бірге аталған хаттамаға сәйкес облыстық прокуратура, қаржы полициясы департаменті, ішкі істер департаменті, әділет департаменті, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстық департаменті басшыларының облыс орталығы мен аудандарында азаматтарды бірлескен қабылдау шараларын өткізу жайлы ұсынымы жүзеге асырылды. Бірлескен қабылдау шаралары ағымдағы жылдың мамыр айының 19-22 жұлдыздары аралығында «Нұр-Отан» партиясының жергілікті филиалдарымен бірге ұйымдастырылды. Өткізілген қабылдаулар халықпен ұдайы байланыста жұмыс жасауды, олардың шағымдары мен мұң-мұқтаждарына құлақ асып, шешілуіне көмектесуді, барынша ықпал етуді көздеді.

Өткізілетін бірлескен жеке қабылдаулар туралы хабарландырулар көпшілік назарына алдын ала облыстық «Сыр бойы» газетінде және аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғанын айта кету керек. Осы орайда, облыс орталығы мен аудандарда өткізілген қабылдаулар қала, аудандардың прокурорлары, аудандық әділет басқармаларының басшылары, Қызылорда облысы бойынша ЭСЖҚД-ның ауданаралық қаржы полициясы бөлімінің басшылары, облыстық ПД бастығының орынбасары Н.Анарбаевтың, «Нұр Отан» партиясы филиалдарының аудандардағы жетекшілерінің қатысуымен өтті. Бұл қабылдауларда барлығы 54 азамат келіп өз өтініштерін білдіріп, сауалдарын қойды.

Соның ішінде, қабылдауда болған Арал ауданының тұрғыны Баймаханова Айна Удербайқызының «Арал теңізі» қоғамдық бірлестіктің директоры ретінде «Камбала балық» зауыттың кепілдікке қойып, 35 млн. теңге несие алған азаматтар жайлы көтерген мәселесі бойынша аудандық қаржы полициясы бөлімшесінің қызметкерлеріне жұмыс жүргізу ұсынылды.

Қазалыда болған қабылдауда осы ауданның жеке кәсіпкері А.Қожағұл Қаратөрең елді мекенінде балық аулау кезінде «Водхоз» мекемесіне қарасты «Ақлақ» су торабынан өтетін көпірден жүк көліктері өткізілмей, қиындықтар туындатып жатқаны жайлы мәселені зерттеуді өтінді. Қазалы ауданы прокуратурасы бұл нысана Арал ауданы аумағында болғандықтан әріптестеріне хат жолдады. Сондай-ақ, Жаңақорған кентінің тұрғыны С.Бүргенбаевтың аудан орталығында қоғамдық көліктер бойынша мәселелер туындап жатқанын алға тартқан өтініші аудандық әкімдіктің қарауына жолданса, Шиелі кентіндегі Жақаев көшесі №3 үйдің тұрғындары атынан қабылдауға келген азаматтар Исабеков пен Алшынбаева үйлерінің маңынан заңсыз құрылыстар жүргізіліп, жүретін жолды, балалар ойнайтын алаңды жауып тастағандары жайлы білдірген шағымдары бойынша аудандық прокуратураға арыз түсіру ұсынылды.

Қабылдауда болған барлық адамдарға түсіндірмелер берілді, сондай-ақ, кейбір күрделі мәселелерді шешу тиісті органдардан қатысқан өкілдері өз қарауларына алса, басқа да өтініштердің шешілуіне ықпал етуді жергілікті «Нұр Отан» партиясының жетекшілері де өз назарларына алды.

Жалпы, қабылдауға келгендер осындай бірлескен шараның қажет екенін білдірді.



және олардың қоныс колониясына ауыстыру туралы арыздарын бейне-конференция жүйесімен өткізу қолға алынған.

Дөңгелек үстел отырысында төраға Сағатбек Сүлеймен және судьялар Сәбит Әбдіқанов пен Күмісбай Күсекеев енгізілген жаңа жүйе бойынша ой бөлісіп, журналистер сауалдарына тұшымды жауап берді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



Әріптесім Құбыл Ршымбетұлымен таныстығым өткен ғасырдың 90-шы жылдары басталған еді. Оны Алматы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтындағы «рефлексстік терапия» бойынша мамандану циклінде жолықтырдым. Курсанттар кезекпен өздерін таныстырып жатқанда, ол менің Қызылордадан екенімді біліп, жаныма келіп: «Інім, сен де Сыр өңірінен екенсің. Мен Қазалыданмын. Темір жол аурухана бас дәрігерінің орынбасары болып жұмыс істеймін. Алда 3 ай оқу бар. Жатақханада бірге тұрайық» деп өзі ұсыныс білдірді. Оның бітім-болмысы, адамдармен тез тіл табыса білу қабілеті мені тәнті етті. Сол кезден бастап онымен ағалық-інілік қатынасымыз жалғасып келеді.

## ІСКЕР БАСШЫ, ҮЗДІК АУРУХАНА



Жыл өткен сайын оның іскерлік қабілетінің жан-жақтылығы жарқырай түскендей. Ол менімен кездескеннен кейін төрт жылдан соң Қазалы темір жол ауруханасының бас дәрігері болды.

Тарихы ғасырдан асып-жығылатын аурухана бүгінде «Апаттар медицинасының темір жол госпитальдары» АҚ-ның филиалы – Қазалы темір жол ауруханасы деп аталады. Құбекен сол филиалдың директоры. Бас дәрігерлік қызметіне биыл тура 20 жыл.

Қ.Ршымбетов 1973 жылы Алматы мемлекеттік институтының емдеу ісі факультетін бітіріп, дәрігерлік өмір жолын темір жол саласындағы медициналық қызметке арнады. Еліміздегі медицина саласындағы күрделі реформалар соны ұға алатын басшыны талап етеді. Ал Қ.Ршымбетов бұл бағытта көпке үлгі бола алатындай басшы.

Ол алғашында қазіргі Тараз, бұрынғы Жамбыл қаласындағы темір жол ауруханасында интернатурадан өтті. Одан соң Қызылорда, Қазалы стансаның темір жол ауруханасында терапевт, жұқпалы аурулар бөлімшесінің меңгерушісі болды, 5 жыл аурухана бас дәрігерінің орынбасары қызметін атқарады. Ширек ғасырдай денсаулық сақтау саласында басшылықта болу нәтижесінде заман көшіне ілесіп, аурухананы жаңа талаптарға сай басқара білді.

Денсаулық сақтау ісін ұйымдастырудағы экономика мен реформалау, шаруашылық жүргізу құқығындағы ықпалды басқару, медицинадағы маркетинг және менеджмент бойынша білім жетілдіріп, басқару ісін шыңдай түсті. 2011 жылы «Медициналық мекемелерді ықпалды басқару. Гонконг тәжірибесі» атты маманданған іскерлік бағдарламасы бойынша Гонконгта және 2013 жылы Испанияның Барселона қаласындағы менеджменттің жоғары мектебінде оқыды. Кезінде халық сеніміне бөленіп, поселкелік кеңес, аудандық мәслихат депутаты да болды.

«ҚР Денсаулық сақтау үздігі» төсбелгісінің иегері Қ.Ршымбетовтің еңбегі лайықты бағаланып, 2006 жылы «Жыл дәрігері», 2012 жылы «Төтенше жағдайлар жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, 2013 жылы «Шапағат» медалін омырауына тақты. Ол өзі басқарып отырған аурухана мен емхананың қазіргі заманғы медициналық құралдармен жабдықталуына, мамандар біліктігін ұдайы арттыруға жете көңіл бөле білді. Өткен бір жылдың өзінде 30 дәрігердің және 109 орта буын медицина қызметкерінің түрлі білім жетілдіру

курстарында болуы соның айғағы.

Жиырма мыңнан астам халыққа медициналық қызмет көрсететін ауруханада бүгінде 294 адам жұмыс істесе, 39-ы дәрігер, олардың 25-і біліктілік санатын иеленген. Ауруханадағы 100 төсек-орында негізгі бөлімшелермен қатар кардиологиялық, неврологиялық және травматологиялық бөлімшелер ашылған. Бұл сырқатты емдеуді жарты жолда қалдырмай, түбегейлі сауықтыруға басталған қадам. Жуық арада нейроинсульттік оңалту орталығын ашу бойынша да жоғарыдағы басшылыққа өз ұсыныстарын жолдаған. Бұған аурухананың әлеуеті толықтай жетеді. Өйткені аурухана тек ірі қалаларда және облыс орталықтарында ғана бар кейбір жоғары технологиялық медициналық құралдармен жабдықталған. Олардың қатарында ірі клиникалар иелік ете алатын компьютерлік томограф қондырғысы, барокамера, Италия елі өндірген «Melody» маммографы, «Nicolet Companion» маркалы ультратдыбысты доплерограф аппараты (АҚШ), жапониялық санды ультратдыбыстық зерттеу жабдығы, австралиялық иммундық ферменттік талдау, гастрофиброскоп, плазмаферез және т.б. бар. Физиотерапевтік бөлімшеде түрлі заманауи аппараттармен дәрісіз ем жүргізіледі. Сумен емдеу бағытында емдік тұздармен, дәрілік шөппен дауа атқарылады. Емдік дене шынықтыруға қажетті барлық жабдық алынған.

Ауруханада жылына 2500-дей адам емделсе, 40 төсек орындық күндізгі стационарда оның үштен біріндей наукас ем қабылдаған. Хирургиялық бөлімшеде облыста алғаш рет жамбас буынын ауыстыру, яғни ортан жіліктің ұршығын арнайы протезбен ауыстыру операциясы жасалды. Мамыр айында Сызғанов атындағы ғылыми-зерттеу институтының бір топ ғалымдары облыс хирургтарының басын осы ауруханада қосып, үлкен кеңес өткізді. Бұл темір жол ауруханасының облыстағы беделін айқындай түскендей.

Ауруханада ерен еңбегімен көзге түсіп жүрген медицина қызметкерлері баршылық. Олар директордың емдеу ісі бойынша орынбасары А.Дәрібай, емхана жөніндегі орынбасары С.Адаев, дәрігер рентгенолог Е.Дәрібай, бөлімше меңгерушілері С.Ахмет, Б.Айжарыкова, Ж.Қуанышбаев, Қ.Еспаев, бас мейірбике С.Орманова, орта буын медицина қызметкерлері Ү.Жұмабаева, А.Абжанова, Қ.Қарнағәев, Х.Мусаева, Р.Жақсылықова, И.Елубаева, тазалықшылар К.Сағындықова, А.Серімбетовалардың еңбегі көпке үлгі.

**Серікбай СМАҒҰЛҰЛЫ,**  
дәрігер психолог.  
Қызылорда қаласы.



## АЛАҚАНЫ АЯЛЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

Адам баласының Алладан кейінгі ең жақыны дәрігерлер шығар. Басың ауырса, балтырың сыздаса, бірден ақ халатты абзал жандардың көмегіне жүгінеміз. Ауру жаныңды қинап, дертке шипа іздеп шарқ ұрғанда әрбір адам дәрігердің алдынан табылады. Сондай кезде аялы алақанын тосып, жылы қабақ танытып, бар білімі мен білігін салып сенің өмірің үшін күресетін жалғыз мамандық иелері де осы кісілер. Сол үшін де олар қандай да болмасын құрметке лайық.

Ауруын берген Алла оның шипасын да береді. Әсілі, сол жазмыштан берілген дертті Жаратушымыз дәрігерлердің қолымен емдейтін болса керек. Бүгінде аурудың барлығы жердің бетіне шыққандай заман ғой. Өмір есігін жаңа ашқан жас нәрестенің өзі түрлі сырқатпен туып жатқанда, үлкендердің денсаулығына үлкен көмек қажет. Міне, осының бәрін емдеп, аяғынан тік тұрғызып, өмірге деген құлшынысын арттырып, жаңаша ғұмыр кешуге талпындыратын дәрігерлер. Жат түгілі жақыны жат бауыр болып бара жатқан мына заманда ақ халатты абзал жанның сен үшін шырылдап, бір орында байыз таппай жұмыс істегенінің өзі көңілге үлкен медет береді. Әрине, ол оның мамандығы дерсіз. Дегенмен өзге салаларда мамандығын дұрыс атқармай, жүрдім-бардым қарап, сүлесек жұмыс істеп жүрген адам қаншама? Дәрігерге солай болу қолынан келмейді дейсіз бе? Келеді. Бірақ Алланың өзгеше ықыласпен жаратқан пендесінің өмірін ұзарту үшін, көрер жарығын бір күнге болсын жалғастыру басты мақсаты болғасын олай жасауға еш қақысы жоқ. Сол адам алдындағы жауапкершілік

олардың жұмысына жауапсыз болмауға шақырады.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан медицина саласына зор қамқорлық жасалып жатқанын біліп отырмыз. Ауруханалар мен емханаларды заманауи техникалармен жабдықтап, жаңа орындар ашып жатыр. Сондай жаңа емхананың бірі Қызылорда қаласында осыдан бірер жыл бұрын ашылды. Ол қаладағы №3 емхана. Біз сол жерде тіркеуде тұрамыз. Денсаулығымыз бұрыннан аса жақсы болмағасын дәрігерлердің көмегіне көп жүгінеміз. №3 емхананың қызметкерлері халыққа адалынан қызмет етіп жатыр деп айта аламын. Өйткені оған күнделікті өмірде өзіміз куәміз. Жас мамандарына дейін білімді әрі білгір. Адам жанын түсінетін қарапайым да көпшіл. Сондай жас маманның бірі, дәрігер-терапевт Олжас Ысқаков. Жастығына қарамай өте елгезек азамат. Жұмысына ұқыпты. Біз секілді алдына барған зейнеткерлерге құрақ ұшып қызмет көрсетеді. Үлкендердің батасын алып жүрген маман. Жақында бөлім меңгерушілігіне тағайындалды. Елдің ықыласы болар баланың бағын ашса керек. Сонымен қатар, мейірбике Байдрахманова ханымға да емделушілердің айтар алғысы бөлек.

Осы аптада медицина қызметкерлерінің төл мерекесі атап өтіледі. Мереке қарсаңында барлық ақ халатты абзал жандарға жақсылық тілегіміз келеді. Өмірлеріңіз береке мен мерекеге толы болсын. Ел игілігі жолында қасап жатқан жұмыстарыңызды Алла жемісті етсін! Әрдайым елдің алғысын алып, адам жанының арашашысы болып жүре беріңіздер.

**Ермек СЕЙТИМОВА,**  
зейнеткер.

## БІЗДІҢ СҮЙІКТІ ДӘРІГЕР



«Денсаулық – зор байлық» деп бекер айтылмаған. Ауырған адамға ешқандай дүниенің керегі жоқ. Оған жанына дәру болатын емші, яғни ажалға араша болатын дәрігер керек. Ал, дәрігер өмір сақшысы, олар – қолын жүрекке қойып, адам өмірі үшін күресуге ант берген арашашы жандар.

Бірақ, дәрігердің де дәрігері бар. Ерінбей еңбек етіп, зор ізденіс үстінде тәжірибе жинақтап, өз білгенін науқасқа арнайтын, үстіндегі ақ халатындай кіршіксіз пәк жүректі абзал жандарды нағыз дәрігер деп білеміз.

Бүгін сондай жандардың бірі туралы айтпақпын. Ол адам қамын ойлайтын, оның өміріне араша бола білетін, жүрегі таза, пейілі кең, жаны жайсаң, үлкенге де, кішіге де бірқалыпты орнықты мінез көрсете білетін жан – Сәрсен Олинова.

Сәрсен – ауырған адам үшін ұйқысын қиып, дамылсыз еңбек етіп, адам денсаулығы үшін күресетін біздің ауылдың сүйікті дәрігері.

Ол аурудың алдын алып, денсаулықты күтіп ұстау керектігін еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін жалықпай ескертіп айтатын жан.

Қай кезде болмасын науқастарды ілтипатпен қарсы алып, олардың шағымын ықыласпен тыңдайды. Алдына барған әрбір жанға мейірім төге қарап, бар ықыласымен емдеп, ақыл-кеңестерін береді. Күн демей, түн демей қажет кезде науқас жанынан табылады.

Сәрсен – үйіне мезгілсіз келген науқастарды да қабақ шытпай қарсы алып, тиісті көмегін көрсететін адал кәсіп иесі.

Дәрігер Сәрсен қарапайымдылығымен, бірге адалдығымен, орнықты мінезімен, еңбек сүйіштігімен көп құрметіне бөленуде. Ол көп ізденеді, көп оқиды, мамандығын үздіксіз жетілдіреді. Осындай білім мен мейірімділікті ұштастыра білген ақ халатты абзал жан Сәрсен Олинованы төл мерекесімен құттықтап, деніне саулық, отбасына бірлік, береке тілеймін.

**Тұрар МАХАНОВА.**  
Нағи Ілиясов ауылы,  
Сырдария ауданы.

## ҚОЛЫ ШИПА, СӨЗІ ДӘРУ

Бұрындары онкологиялық ауруды жазылмайтын дерт деп ойлайтын едік. Қазіргі медицина бұл аурудың да емін тауып, науқастарға екінші өмір сыйлап жүр. Бұл ең алдымен қолы шипалы, сөзі дәру дәрігерлердің арқасы деп білеміз.

Осыдан екі жылдан астам уақыт бұрын маған онкология орталығында операция жасалды. Онкогинеколог Әзиз Құрбанбаевтың бақылауында болып, 6 рет химиотерапия алдым. Қазір ауруды жеңіп, балаларымның ортасында жүргенім үшін Әзиздей абзал жанға шексіз алғыс айтамын.

Орталық дәрігерлері онкологиялық ауруға шалдыққан жандарды дертімен күресуге, сары уайымға салынбауға шақырып, үміт отын жағады. Емдеуші дәрігерімнің бойынан шипагерге тән қасиеттердің бәрін көрдім. Медицина қызметкерлері мерекесі қарсаңында



барша ақ халатты жандарға және Әзиз Құрбанбаевқа аналық алғысымды жеткізіп, бар жақсылықты тілеймін.

**Мейрамгүл СҮЛЕЙМЕН.**  
Шіркейлі ауылы,  
Сырдария ауданы.



## ОҚЫРМАН ХАТТАРЫ

## ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРДІ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТСАҚ

“Елу жылда ел жаңа” дегендейін, тәуелсіздік алғалы бері республика көлемін айтпағанның өзінде, Сыр өңірінде көп өзгеріс болды. Оны облыс орталығынан заман талабына сай салынып, ел игілігіне берілген жаңа мектептер мен ауруханалардың, зәулім мейрамханалар мен қонақ үйлердің, түрлі мәдени-демалыс орындарының санының артуынан-ақ аңғаруға болады. Бірқатар мекемелер бүгінгі күн талабына жауап беретіндей зәулім ғимараттарға көшірілді. Сондай-ақ тұрғын халықтың әл-ауқаты артып, тұрмыс

жағдайы көп түзелді. Бүгінгі елдің ахуалын бұдан он-он бес жыл бұрынғымен салыстыра алмайсың. Ғимаратқа бергісіз зәулім үйде тұрып, шетелдік қымбат автокөлік мініп жүргендер, жекеменшік қонақ үй, мейрамхана, сауда үйі, зауыт-фабрика ұстап, бизнесмен атанғандар, мал басын көбейтіп, кәсіпкер танылғандар қатары күн сайын көбейіп келеді. Бұл, сөз жоқ, халықтың әл-ауқатының артқанын көрсетеді. Солай бола тұрғанымен де, әлі де ішер ас, киер киімге жарымай отырғандар, екі қолға бір күрек таппай жүрген жұмыссыздар,


балаларының оқуына төлейтін ақысына қиналып жүрген жандар көп кездеседі.

Қазақ халқы қашаннан жетімі мен жесіріне қарайласқан ел қатарында саналады. Ағайынның жетім қалған баласын ат жалын тартып мінгенінше, өз алдына отау құрып, ел қатарлы өмір сүргенінше демеп, қамқорлық жасап отырған. Өз қолы өз аузына жеткенінше ішер ас, мінер көлік, киер киімнен тарықтырмаған. Міне, біз осы үрдісті жаңаша жаңғыртуымыз керек.

**Сара АБДУЛЛАЕВА,**  
мұғалім.



**ОҚЫРМАН ХАТТАРЫМЕН СЫРЛАСҚАН  
ЖҰМАГҮЛ ОРАЛБАЕВА.**



### ● РАХМЕТ, САҒАН ДӘРІГЕР!

## АҚЕДЕН АЛҒЫС

Жүрек сыздап, артық қимыл болса, тез енгігіп қалатынымын. Облыстық медицина орталығының кардиохирургия бөлімінің қызметкерлері жылы қабылдап, қажетті ем-домын жасады. Дәрігерлер жан-жақты тексеруден өткізіп, жүрек қақпақшасында ақау барын анықтады. Бөлім меңгерушісі Берік Дәуітбаев тез арада ота жасау қажеттігін ескерте отырып, оны қайда жасатуды таңдауды өзіме қалдырды. Отбасыммен ойласа келіп, отаны осы арада жасатуға тәуекел еттім. Бөлім меңгерушісі бастаған дәрігерлер мен мейірбикелер тобы тоғыз сағатқа созылған күрделі отаны сәтті аяқтады. Соның нәтижесінде мен өмірге қайта келдім. Маған, менің отбасыма қуаныш сыйлаған ақ халатты абзал жандарға қашан да сәттілік пен табыс тілеймін!

**Тоқтан ҚАРАҚАЕВ,**  
медицина саласының ардагері.  
Жалағаш кенті.

\*\*\*

Қатты ауырып, естен танған мені жедел жәрдем облыстық медицина орталығының жансақтау бөлімінен бір-ақ шығарыпты. Аз-аздап өзіме келгеннен кейін мені кардиология бөліміне ауыстырды. Бөлім меңгерушісі Ғалымжан Әбішов өз ісіне ұқыпты, білімді жан екен, менің бар жағдайымды жасады. Емдеуші дәрігерім Гүлнұр Бұйраева мені жан-жақты тексеріп, өзге маман дәрігерлермен кеңесе отырып, емдеді. Өзім мүгедектер арбасында отырғандықтан маған айрықша күтім қажеттігі айқын. Бөлімдегі мейірбике Айнұр Тәшімова, тазалықшы Роза Наурызбаева және басқа да қызметкерлер менің жағдайыма сергектікпен қарады. Мен олардың барлығына да өзімнің сүйікті газетім арқылы аналық алғысымды білдіргім келеді.

**Тұрсын ДӘУІТОВА,**  
енбек және тыл ардагері.  
Қызылорда қаласы.

\*\*\*

Он екі жылдан бері мазалап жүрген ауруымның нақты себебін анықтап, қажетті ем жасаған облыстық медицина орталығы урология бөлімінің дәрігерлері Исахмет Валишаев пен Рашид Еркінге, мейірбикелері Серіккүл Иманбекқызы мен Аманкүл Әбсадықоваға, Гүлнәр Төлегеноваға және №1 жансақтау және жанысздану бөлімінің дәрігері мен мейірбикесі Дүйсен Ғабит пен Мейрамкүл Мырзалиеваға айтар алғысым шексіз. Жұмыстары жемісті, отбастары аман болсын!

**Орынбасар ҚӘРІБАЕВ,**  
Ақай ауылы.  
Қармақшы ауданы.

### ● РИЗАШЫЛЫҚ

## ИГІЛІКТІ ІС

“Қызылорда автобус паркі” ашылғалы бері халық игілігі үшін бірқатар іс тындырылуда. Соның бірі – қаладан шалғай орналасқан елді мекендерге тұрақты көлік қатынасының қалыптасуы. Атап айтар болсақ, “Наурыз” және “Сабалақ” саяжайларына №8,5 маршруттар тұрақты жүріп тұр.

Қаладан шалғай орналасқан Қарауылтөбе елді мекеніне №30 маршрут қосылып, ондағы тұрғын халықтың облыс орталығымен байланысы едәуір жақсарды. Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің, екі арада салынып жатқан жаңа құрылыс үйлері, “Рауан” елді мекені тұрғындарының, студенттердің, жалпы ауыл тұрғындарының ауыл, қала және жолаушылар тасымалдау бөлімі қызметкерлеріне алғысы шексіз.

**Аманкелді ДОСМАХАНОВ,**  
Қарауылтөбе ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

### ● ДІН – АДАМДЫҚ АЙНАСЫ

## АУЫЛ ИМАМЫНЫҢ ӨНЕГЕСІ

Түктібаев ауылының тумасы, “Орынбет ишан” мешітінің бас имамы Ғабдулла Инаятуллаұлы қажылық сапармен Сауд Арабиясына барып, мұсылмандықтың бес парызының бірін өтеп қайтты. Мәдине қаласындағы Мұхаммед пайғамбардың табанының ізі қалған қасиетті жерлеріне, қабіріне, атап айтқанда, Ухуд тауындағы Құба мешітінде, Хира үңгірінде, Құран аяты түскен жерінде болып, зиярат жасады. Одан әрі Мекке қаласындағы Қағбада екі бас намаз оқу бақытына ие болды. Сонда тұрып елдің аманшылығы мен ауызбіршілігін тіледі.

Ғабдулла Меккеде өз

қажылығын өтегеннен кейін бабасы Орынбет ишанның, арғы бабасы үш жүздің пірі болып келетін Қожа Мүсірәлі софы-езиздің атынан қажылық өтеді. Бұл оның өз бабаларына деген құрметін көрсетеді. Жас та болса, өзінің діни сауатымен, білімімен көп құрметіне бөленген, өзінің сабырлы да салмақты уағызмен талайларды тезге салып, көпшілікті айрандай ұйытып отырған бас имам қайырымдылық акциясына жиі қол созады. Соның нәтижесінде қаржылай, заттай көмек алған тұрмысы төмен, кемтар жандар мешіт үйіне сеніммен батыл енеді. Өйткені, мұнда өздерін қайырымды



ісімен, жағымды мінезімен баурап алар жан бар. Халықтың қамқоры бола білген Ғ.Инаятуллаға деген көпшілік алғысы шексіз.

**Шоқан НҮКЕШОВ.**  
Ү.Түктібаев ауылы.  
Қазалы ауданы.

### ● ҚАЛА ӘКІМДІГІНІҢ НАЗАРЫНА

## ДҮҢКІЛДЕГЕН МУЗЫКА БЕРЕКЕМІЗДІ ҚАШЫРЫП БІТТІ

Біз қала тұрғынымыз. Анығын айтқанда, Қызылорда қаласы Панфилов көшесі №25 үйде тұрамыз. Бұл үй көпқабатты үй. Онда бірнеше ондаған отбасы қоныстанған. Осы тұрғындардың бүгінде күндіз үрейі басым болып, түнде тыныштығы қашқан. Бұл жайт бұған дейін де талай мәрте айтылған еді. Енді амал жоқ, “Сыр бойы” газеті арқылы бір көмегі болып, шешімін табады ма деп жазып отырмыз.

Сонымен, біз тұратын үйге қарсы бетте “Версаль” дәмханасы орналасқан. Оның жұмыс істегеніне бірнеше жыл болды. Бірақ осы кафенің біздің берекемізді қашырып отырған жайын айтпасақ амалымыз қалмай отыр. Ашығын айтқанда, кафені ашқан кәсіпкер түнгі үштердің шамасына дейін жұмыс істейді. Бірақ, жәй ғана жұмыс істеп қана

қоймайды, сол жердегі тұрғындардың мазасын алып бітеді. Яғни онан шыққан музыканың дүңкілі тұрғындардың түн ұйқысын төрт бөліп, әбден ығырын шығарды. Тіпті оның қатты естілетіні соншалық, құдды біреу төбеннен балғамен ұрғандай болады. Оның үстіне сонда жұмыс істейтін диджей деген пәлені біреу қылғындырып жатқандай тоқтамай, шыңғырып сөйлеп тұратынын қайтерсің. Бұл аз дегендей сол кафеден шыққандар абырлап, дабырлап таң атқанға дейін үйлеріне де қайта қоймайды. Сонда осы істі ашып отырған кәсіпкер тек қалтасын ойлап, қалған тұрғындарға пысықрмай отырғаны ма деген ойға қаласың. Ал, шындығында бұл үйде 300-дей адам тұрады. Олардың арасында жасы келгендер мен мүгедектер және балалар да бар. Түнгі ұйқы-



сы шала болғандардың күндіз жұмысқа барғанда қандай күйде жүретіні айтпаса да түсінікті шығар.

**Икрам ЖАЛҒАСБАЕВ,**  
енбек ардагері.  
Қызылорда қаласы.



## ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ МӘЖІЛІСІ

Қызылорда облыстық мәслихатының экономика, қаржы және жергілікті басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, депутат Қ.Әжібековтың төрағалық етуімен 2013 жылға арналған облыстық бюджеттің түсімдері мен шығыстары бойынша атқарылуы жөнінде талқылау болып өтті.

Оған облыстық мәслихат депутаттары және облыстық басқармалар басшылары қатысты. Талқылауда әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттарына сәйкес халықтың әл-ауқаты мен оларға қызмет көрсету деңгейін арттыру, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарының жалғасатындығы айтылды.

Облыстық қаржы басқармасының басшысы міндетін атқарушы Т.Жақыпбаев бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы талдамалық түсіндірме жасады. Ол өз сөзінде 2013 жылы түзетілген облыстық бюджеттің кірістер болжамы 100,4 пайызға орындалып, 63722,7 мың теңгеге артқандығын айтты. Сонымен қатар, облыстық басқармалар тарапынан игерілмей қалған қаржылардың жайына шолу жасады. 2014 жылдың басында жергілікті бюджет қаражатынан 7490,8 мың теңге дебиторлық, 1477,5 мың теңге кредиторлық қарыз қалыптасқан. Дебиторлық қарыздардың негізгі себептері мердігер мекемелердің өз жұмысын дұрыс орындамауы және тауарлардың уақытылы жеткізілмеуі болып табылады.

Тұрақты комиссия төрағасы Қ.Әжібеков облыстағы былтырғы жылдың дебиторлық және кредиторлық қарыздары бар мемлекеттік мекемелерді атап өтті. Отырыс барысында облыстық мәслихат депутаттары басқарма басшыларына сұрақ қойып, өздерінің осы бағыттағы ұсыныстарын ортаға салды.

**Қызылорда облыстық мәслихатының  
ақпараттық тобы.**

## ҚАЗЫНАНЫҢ ҚАМЫ ОРТАҚ

**Облысымызда  
«Көленкелі экономикаға  
халық пен салық  
қызметі қарсы» атты акция  
өткізілуде. Акция ба-  
рысында Қызылорда  
қаласы бойынша  
салық басқармасының  
қызметкерлері бекітілген  
іс-шараға байланысты  
жан-жақты насихаттау,  
түсіндірме жұмыстарын  
жүргізіп жатыр.**

Акцияның мақсаты — кәсіпкерлікпен айналысып, пайда тауып жүрген азаматтарды салықтарын төлеп, өзінің міндеті мен борышын орындауға шақыру. Осыған байланысты Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы мамандары өздерінің қат-қабат тірлігінің арасында жол полициясы қызметкерлерімен бірге рейдтерге шығып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Нәтиже жоқ емес. Төккен тердің төлеуін көшеден-ақ байқауға болады. Мәселен, бұрын облыс орталығында жүйіткіп жүрген көліктердің ішінен такси белгісі бар автокөліктерден көз қарығатын. Әсіресе, төбесінде шаршысы бар жеке көліктер халық көп жиылатын жерлерде шоғырланып, көшедегі қоғамдық көліктердің жүріп-тұруына да кедергі келтіретін. Қазір осы мәселе бір ізге түсіп қалғаны байқалады.

Жалпы, мемлекетке салық төлеу — жылжымайтын мүлігі,

көлігі және пайда әкелетін кәсібі бар кез келген адамның міндеті екендігі баршамызға белгілі. Солай бола тұра, салғырттықа салынушылар да бар.

Мемлекеттік салық саясаты экономиканы дамытуда, әлеуметтік ахуалды көтеруде реттеуші рөлін атқарады. Еліміздің қалыпты дамуы мен тұрақты түрде өркендеуі бюджет кірісінің оңтайлы қалыптасуымен тығыз байланысты екендігін әрдайым естен шығармағанымыз абзал.

Бүгінгі таңда кәсіп арқылы қызмет көрсетіп, онан пайда тапқанымен, салығын төлеуден қашатындар аз емес. Мысалы, тас, топырақ, көң, кірпіш тасымалдаумен айналысып жатқандар тәп-тәуір табыс тауып, отбастарын асырап отыр. Бірақ, арасында салығын төлейтіндері некен-саяқ.

Сонымен қатар, тұрғындарға өнер арқылы қызмет көрсететін жергілікті асабалар мен әнші-бишілер, сырттан арнайы шақыртумен келетін есімдері елге танымал шоу-бизнесің өкілдері де тойдан тапқан табысының белгілі бір бөлігін заңды түрде салық ретінде төлеуге міндетті. Дамыған елде бұл мәселе әлдеқашан шешіліп қойған. Салық — ортақ қазына. Ендеше, қазынаның қамы да ортақ болуы тиіс.

**Қ. АҚЫШБАЕВ,**  
сала ардагері.

БАЛЫҚ ҚОРҒАУ

Балықшылардың экономикалық және экологиялық жағдайын жақсартудың бірден-бір жолы балық аулауды жүйелі, тұрақты аулау деп есептеймін. Ол үшін ауланған балықтың тұқымдас түрі сазан, карп, доңмандай, ақамур бұлардың орташа аулау салмағы 2 келі, көксерке үшін 0,5 келіден жоғары болғаны дұрыс. Ал қалған торта, қызылқанат торта, алабұға тәрізді аборигендік түрлерін нарық сұранысына сай аулауға болады. Жергілікті балықшылар үшін көлдер жүйесінен ауланған және өткізген балықтары пайдалы болмақ.

## ҚЫТАЙ АУЛАРЫ СУ АЙДЫНЫНА ҚАУІПТІ

Табиғат пайдаланушы ұжымдар үшін оның даму жоспары, балық өндірісіне қажетті қаржысы, ауланған балықты өткізу, ұзақ мерзімге пайдалануға болатын аулау құралдары және салыққа берешегі мерзімінде төленгені дұрыс. Балық өндірісіне байланысты жарактандыру жоспарын талқылау кезінде негізгі материалдар мен айналым қорларын, соның ішінде аулау құралының тозуы, техниканы жөндеу, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, жалақыны тұрақты төлеп тұру да ескерілуі керек.

Балықшы жыл бойы тұрақты балық аулау үшін мынадай қағидаларды: экологиялық сапалы және сандық балық аулау өнімі мен балық аулайтын су айдынындағы балық қоры туралы ақпаратты білуі және оны талқылауға қатысуы, сондай-ақ, балықшының аулайтын су айдынындағы балық қорын молайту жолындағы жұмыстары мен әлеуметтік қолдау және еңбек қауіпсіздігін білуі маңызды. Көл айдынында жүрген бригадалардың негізгі аулау құралдары балықшы ауы болып табылады. Қазіргі таңда тек қана капрон негізіндегі аулармен балық аулауға рұқсат берілген. Капрон аулардың желісі жоғары, арқалық бөлігі және төменгі табандылық бөлігі өте берік материалдардан жасалады. Бұл материалдарды ұзақ мерзімді пайдалануға болады. Капрон ауларды жөндегенде тек аулау то-

рын ғана алмастырып отырасын. Арқалық пен табандық материалдарын ондаған жыл пайдалануға болады. Қазіргі таңда аудан балықшыларының пайдаланып жүргені менофеламенді қытай аулары. Қытай ауларының зияндығы туралы айтсақ, соңғы 15 жыл көлемінде пайдаланған аулар көбеюде және өте арзан дүние



болғандықтан бірнеше күнде жарамсыз ретінде су айдындарына тастап кетеді. Жарамсыз, сапасыз ауларға балықтар түседі де бұзыла бастайды. Аулар монофиломенді талшықтан жасалған себепті ол суда ыдырамайды. Бұның ақыры балық қорының азаюы, су айдынына, қоршаған ортаға, экологияға кері әсер етеді. Осындай келеңсіз

жағдайларды болдырмас үшін Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы мен Арал балық инспекция бөлімі жүйелі түрде ымырасыз күрес жүргізіп келеді. Олар жұмыс барысында ҚР Үкіметінің 7 наурыз 2012 жылғы №303 қаулысын басшылыққа алады. Үкімет қаулысында балық аулауда синтетикалық, нейлондық не

болмаса пластикалық, полиамидтік моноталшықты және электр жүйелі типтес барлық құрылғыны пайдалануға қатаң тыйым салынды делінген.

Су айдындарында үкімет тарапынан қатаң тыйым салынған қытай ауларын пайдаланбауға және жоюға, осынау мемлекеттік маңызы

бар іске көпшілік түсіністікпен қарап, қолдау білдіреді деп үміттенемін. Әсіресе, балықшылар бұл мәселеде үлкен жауапкершілік танытуы керек.

**Алдабергел ИСАЕВ,**  
“Қамыстыбас” су  
тұтынушылар қоғамдық  
бірлестігінің жетекшісі.

## ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ АНЫҚТАУДАҒЫ СОТ-БЕЙНЕФОНОГРАФИЯЛЫҚ САРАПТАМА

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда Қызылорда облысы бойынша Сот сараптамасы институты сыбайлас жемқорлыққа қатысты тағайындалған қаулылар бойынша сараптамалар жүргізіп, жемқорлықпен күресуде өзіндік үлес қосып келеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресуде ғылыми-техникалық құрылымы мен әдістері бар сараптаманың жаңа түрлерінің бірі — сот-бейнефонографиялық сараптаманың орны ерекше болып отыр.

Технология мен байланыс құралдарының дамуындағы жетістіктерді пайдалана отырып, адамдар өздерінің заңға қайшы әрекеттерінде коммерциялық және экономикалық қызметте, тасымалдау, туризм, заңсыз кәсіпкерлік жағдайында түрлі аудио және бейнежазбаларды жиі қолданатыны белгілі.

Сот бейнефонографиялық сараптама адамдардың конституциялық және басқа да құқықтары мен бостандықтарына, адамзаттың қауіпсіздігі мен бейбітшілікке, мемлекеттің қауіпсіздігі мен конституциялық құрылымының негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне, басқару тәртібіне, мемлекеттік қызмет мүдделеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.

Фонограмманы криминалисттік зерттеуде негізгі екі бағыт болады: біріншісі — адамның сөйлеген сөзі, екіншісі — дыбыс жазбасының техникалық жағы. Осыған байланысты аталған сараптама бойынша магниттік фонограмманы техникалық тұрғыдан зерт-

теу және ауызша сөйлеу фонограммасын зерттеу сияқты сараптамалық зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Сот-бейнефонографиялық сараптама табиғатына тән ерекшелік сараптаманың бұл түрі арнаулы ғылыми білім-білігі бар екі сарапшының қатысуымен жүргізіледі.

Техникалық зерттеу магниттік дыбыс жазбасының ерекше табиғатына себепші болатын магниттік фонограмманың қасиеттерін зерттеу мәселесіне мән береді.

Адамның дауысы мен сөздерінің біреуге тиістілігін анықтау мақсатында теңдестірушілік зерттеу жүргізіледі. Ол үшін зерттеуге ұсынылған фонограммадағы дауыс сараптамалық зерттеу үшін алынған үлгімен салыстырылып, нәтижелері бағаланады. Көбінесе экспериментальды, яғни сараптама үшін арнайы алынған үлгілер қолданылады.

Қазіргі кезде тағайындалған сараптамалар бойынша мәтіннің сөзбе-сөз мазмұны мен әңгімеге қатысқан адамдардың санын анықтауға, фонограмманың түпнұсқа немесе көшірме екендігіне, фонограммада үздіксіз жазбаның және әңгімеге жазу кезінде немесе одан кейін енгізілген өзгерту мен монтаж белгілерінің бар-жоқтығына, зерттеу фонограммасында жазылған дауыс пен сөздің белгілі бір адамға тиістілігіне қатысты сұрақтар бойынша зерттеулер жүргізіліп, сот сараптама қорытындылары беріледі.

**Әйгерім ЖҰМАТАЕВА,**  
Қызылорда облысы бойынша  
сот сараптамасы институтының сарапшысы.

САЛЫҚ



**Біз Балдырған екеуіміз бір ауылданбыз. Тереңөзек ауданында Айнакөл, Жаңарық деген ауылдар біздің ауыл еді. Оның ата-анасы мен менің ата-анамның төрт түлігі қоралас, бала-шағасы аралас бір ауылда өмір сүрген адамдар. Әкесі Жанкелдиев Мұстафа ерте дүниеден өтіп кеткен. Анасы Балайды көрдім, есімде қалғаны, ол кісі өте шебер, он саусағынан өнері тамған кісі еді. Апасы Рабиға мен ағасы Алпамысты да білемін. Алпамыс бұрынғы Жаңарық, қазіргі Қараөзек ауылында тұрады, балалары, немерелері бар. Апасы Рабиға 10 бала тәрбиелеген Батыр ана еді.**

Балдырғанның балалық шағы сол замандағы бәріміздің балалық шағымыз сияқты ауыр уақытта өтті. Елдің басына түскен барша қиындық, Ұлы Отан соғысының зардабы оны ерте еңбекке араласуға мәжбүр етті. Ерте есейді, қалай болғанда балаларды жеткіземін деген ана арманының орындалуына әлі келгенше демеу болды.

1963 жылы Оразбай мен Балдырған сол кездегі Қазақ ССР-ның 50 жылдығы атындағы, қазіргі Н.Илиясов атындағы кеңшарға көшіп келіп, күріш екті, осы жерде біз тағы кездестік. Бірі дикан – механизатор, бірі күрішші болып абыройлы еңбек етті.

1970 жылы отбасымен Шіркейлі кеңшарына қоныс аударып, диканшылықты әрі қарай жалғастырды. Бұл шаруашылықта күріш егуді 1971 жылдың көктемінен бастады. Міне, осы көктемнен бастап Балдырғанның Шіркейлі шаруашылығындағы қысы-жазы бір толастамайтын бейнеті мен зейнеті қатар жүретін қарбалас еңбек жолы басталды. Жолдасы Оразбай 40 жасында кенеттен дүние салып, бес баламен жесір қалды. Халықта «далаға барып ат ойнатқан, үйге келіп құрт қайнатқан» деген сөз бар ғой, Балдырған жұмыс басында, кетпені қолында, күндіз-түні бір тынбай еңбек етсе, үйге келген соң балаларының бабын жасап, олардың отбасын құруына, оқып, білім алуына, азамат болып өсуіне бүкіл өмірін арнады. Мен ол кезде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, Тереңөзекке қоныс аударғанмын. Шіркейлі кеңшарында аудандық партия комитетінің өкілі болып әр саладағы жұмысына араласамыз. Балдырғанның көктемде күріш тұқымын сепкеннен бастап, күрішті балаша мәпелеп, жаздың аптап ыстығында басын ормалмен орап алып, иығында кетпен күріштіктің арасында жүргенінің, күзде егін жинауда комбайнның алды-артында бір десте алтын дән үшін арпалысып жүргенінің талай куәгері болдым. Осы күнге дейін Балдырған менің жадыма сол көріністермен қалып қойды.

Жазбаның басында Балдырғанның оқуын әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігі болмағанын айтқан болатынмын, енді оның білім ошағы, университеті де өмірдің өзі болды. Диканшылық кәсіп оны шырдады, жеңіске ұмтылдырды, ізденіске жетеледі. Шіркейлі кеңшарының озат күрішшілері Қыдырқожа Майлықожаев, Орынкүл Сүлейменова, Орынбек Ахметовтердің диканшылық мектебінен үйреніп, көп ізденді, егіншіліктің ғылыми жетістіктерін көңілге

тоқып алуға тырысты. Күрішті сепкеннен бастап, пісіп-жетілгенше атқарылатын агротехникалық шараларды бұлжытпай орындауды өзіне басты міндет етіп қойды және дер кезінде берік сақталуын қамтамасыз етті. Осындай үйде де, түзде де тынымсыз еңбек, ізденіс, маңдай тер, табан ет, науқан кезіндегі аласапыран қарбалас, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей өткізген көктемдер мен алтын күздер өз нәтижесін бере бастады. Жыл сайын 60-70 центнерден кем емес өнім алынып жүрді. Енді ең жоғары өнім үшін күрес басталды. 1971-1988 жылдар аралығында 60-70-100 центнерден өнім алды. Өз звеносына жас күрішшілерді қабылдап, енді өзі де жастарға тынымсыз еңбекпен жинақтаған тәжірибесін үйрететін болды. Сол кездегі өзінің айтуы бойынша, қойын дәптеріне көктемде қай күні



## ЕҢБЕКТЕН БАҚЫТ ТАПҚАН ЕР-АНА

тұқым себiлдi, суға бастырылды, кейiн қай күнi тыңайтқыш берiлдi бәрiн жазып жүредi екен де, келесi жылы сол жерге күрiш егетiн болса, бұрынғы жазған мерзiмдерiмен салыстырып отырады екен. Осындай ұзақ жылғы тынымсыз еңбегi, алған жоғары өнiмi үшiн мемлекет тарапынан жоғары марапаттарға ие болды.

Совет Одағы Жоғарғы Кеңесінің 13 желтоқсан 1972 жылғы Жарлығымен «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен, 1974 жылы Еңбек Қызыл Ту, 1976 жылы Ленин орденімен марапатталды. «Шіркейлі» кеңшары, оның еңбекшілері, еңбек озаттары үшін оныншы бесжылдық өсу-өркендеу, экономикалық-әлеуметтік жағынан даму жылдары болды, ал күрішші Балдырған үшін 1981 жыл жұлдызды жыл болды. Осы оныншы бесжылдықтың қорытындысы және көп жылдар бойы жемісті еңбегі, өзіне бекітілген күріштің әр гектарынан 103,6 центнерден өнім алғаны үшін Балдырған Мұстапаева 1981 жылғы 19 ақпан айында Социалистік Еңбек Ері атағын алып, «Алтын жұлдыз» және Ленин орденімен марапатталды. Бұл қарапайым еңбек адамы Балдырған үшін көп жылғы бейнетінің зейнеті болды, жұлдызы жанды, басына бақ құсы қонды.

12 наурыз 1984 жылы «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен, Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістігі көрмесінің (ВДНХ) 20 наурыз 1985 жылы алтын, 6 мамыр 1988 жылы күміс медальдарын алды. Ауылшаруашылық өндірісінде көп жылдар бойы жемісті қызмет атқарғаны және қоғамдық өмірге белсене қатысқаны үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1989 жылғы 28 февральдағы Указы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды. Қазақстанның «Алтын кітабына» жазылды. Міне, жоғарыда аталып кеткен марапаттардың бәрі күндіз-түні, жатпай-тұрмай еткен еңбектің еленгені, өз отбасын, елін, жерін, ұлтын сүйген қарапайым қазақ қызының елінің дамуына қосқан үлесінің бағалануы. Әрине, Балдырғанның осындай биікке көтерілгеніне, абыройының асқақ болуына, Еңбек Ері атануына өмір сүрген, еңбек еткен ортасы, «Шіркейлі» ауылының тұрғындары, еңбектес аға-апалары, іні-сіңлілері, өзінің звеносы, бригадасы, өндіріс жетекшілері, білікті мамандар, партия, кеңес, комсомол ұйымдары, сол кездегі кеңшар директоры, білікті басшы Жаңабай Азаматов қолдау көрсетті.

Ынтымағы жарасқан ұжым, ауызбірлігі бар ел ғана осындай өз азаматтарын биікке көтере алады. Балдырған тек қана егіншілікпен айналысып қойған жоқ, қыс кезінде дикандар демалатын уақытта сауынға араласып, көмегін көрсететін, қоғамдық жұмыстарға араласатын.

Балдырған Қазақстан Компартиясының XIV-XV съездеріне делегат болып қатысып, Орталық партия комитетінің пленум мүшесі болып сайланды, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі болды. Осындай жоғары дәрежелі қоғамдық қызметтердің арқасында ол белсенді қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілді. Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті пленумдарына, облыстық партия комитетінің бюроларына қатысып, онда сөз сөйлеп ауданды, облысты толғандыратын өзекті мәселелері туралы ұсыныстар жасады, орындалуына үлес қосты. Сыр елінің экологиясы, су шаруашылығы, жол салу, тұрғын үй құрылысы жайлы мәселелер қозғады.

1983 жылы Вьетнамда Қазақстан Республикасы күндері өтіп, осы делегация құрамына Балдырған Мұстапаева енген. Ол кісіні таңғалдырған нәрсе бұл елдің егіншілерінің еңбеккештігі, жерді, суды соншалық бағалайтындығы, техника жоқ, бәрі қолмен атқарылады екен. Әркім өз учаскесінде өсірген егісін өздері жинайды, жалғыз аяқ жолдан басқа бос жер жоқ – бәрі егістік. Вьетнамның негізгі дақылы күріш болғандықтан, бұл елде Балдырған осы дақылды өсіру технологиясын зерттеп, өзі де Сыр еліндегі күріш егісінің өсіру тәсілі, алынған өнім туралы тәжірибесін ортаға салды. Олар Балдырғанның сөзін үлкен ықыласпен тындапты.

Балдырғанның Еңбек Ері Алтын жұлдызын, басқа да наградаларын көріп, оның бәрін күріш егіп алғандығын, дикан еңбегінің осылай бағаланғанын көріп, өте танданыпты, аса ықыласты құрмет көрсетіпті. Бару-келуін есептегенде Балдырған Вьетнам елінде 1 айға жуық болған. Онда күріш егетін бір шаруашылық 94-200 гектар ғана күріш егеді екен, ең жоғарғы көрсеткіші 40-50 центнер, оның себебі техника, тыңайтқыш т.б. қажетті жағдайлар жетіспейді, бірақ жылына 2 рет егіп алады, еңбек тәртібі жоғары деңгейде.

Балдырғанның өз сөзімен айтқанда бауырлас елдің күріш өсірудегі ауыр еңбегін көргенде сол кездің өзінде біздің елде егіншілерге жасалып жатқан жағдайда жоғары өнім алмауымыз ел алдындағы парызымызды өтемеумен тең. Ал

бүгінгі тәуелсіздік алған, нарықтық экономика, жаңа технология заманында, жаңа инновациялық-индустриалдық жобалар жүзеге асып жатқан заманда ерінбей еңбек етіп, жоғары дәрежеге жетпеу үлкен күнә. Сондықтан да ел Президенті «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты стратегиялық мақаласында «еңбектің – әлемнің әміршісі» екенін есімізге салып, жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүргендерді адал еңбекке қайта шақырып, көңілден кетіп, көзден таса болған еңбек адамдарының есімін қайта жаңғыртып, ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, жас ұрпаққа еңбек тәрбиесін беруді қадап айтты. Сондықтан да біз бүгін өзінің тынымсыз еңбегімен елге танымал болған, еңбектің ауыр бейнесі мен зейнетін көрген ер Балдырған Мұстапаеваны еске түсіріп отырмыз. Бұл заманда терең

білім де, ғылыми еңбек қорғау да, мемлекеттік қызмет атқару да, барлық салалар бойынша кәсіби маман болу да үлкен еңбекті қажет етеді, сондықтан да біз жастарға ерінбей еңбек етсең, ер атандырады, бақытқа бөлейді, абырой, атақ әпереді, бақ-дәулет басына қонады демекпіз.

Балдырған өзінің 30 жылға жуық диканшылық еңбегінің, мемлекет тарапынан алған жоғары атақтарының, белсенді қоғамдық қызметінің арқасында көптеген қазақтың маңдайына біткен жақсылары, жайсандарымен танысып, араласып, олардың жақсылығын шапағатын көрді. Социалистік Еңбек Ері атанып, «Алтын жұлдызды» Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қолынан алып, қабылдауында болды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленум мүшесі болғанда пленум отырыстарында Н.Ә.Назарбаевпен кездесіп жүрді, жоғарыда айтылып кеткен Вьетнам еліне барған жылы ол кісімен сапарлас болды. Екінші рет 1986 жылы облысқа ресми сапармен келгенде Шіркейліге келіп, егіс алқабын көріп, Балдырғанмен жүздесті, үйіне түсті. Осы сапарда Балдырғанның үлкен келіні Маржан босанып, немересінің атын ол кісінің рұқсатымен Нұрсұлтан қойды. Осыдан кейін Елбасы облысқа іссапармен келген сайын Балдырғанмен, немересі Нұрсұлтанмен кездесіп тұрды, ержеткенде өзі оқытатынын айтып, оған ерекше назары түсті, батасын берді. Нұрсұлтанның 5 жасында, 15 жасында, студент болған кезде де кездесті. Сол Нұрсұлтан жоғары оқу орнын бітірді, қазіргі уақытта облыс әкімдігінде қызмет атқарады, келешегінен үміт күтетін, атакты, ардақты әжесінің сенімін ақтай алатын азамат болып өсіп келеді.

Кеңес үкіметінің кезінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшылары болған И.Әбдікәрімов, Т.Есетов, Е.Әуелбеков, С.Шаухаманов, ҚР тәуелсіздік алған кезеңдегі облыс әкімдері Б.Сапарбаев, С.Нұрғисаев, И.Адырбековтер Балдырғанды еңбек майталманы ретінде қабылдап, құрмет көрсетіп отырды. Бұрынғы Тереңөзек ауданы, қазіргі Сырдария ауданын басқарған ардақты азаматтар Қ.Қазантаев, Е.Көшербаев, Н.Ергешбаев, М.Абдразақов, Ж.Ергешбаев, Ә.Хожбановтар Балдырғанды ерен еңбегі үшін ерекше құрметтеп, аудандағы барлық игі істерге қатыстырып отырды. Ал Балдырғанның өзі осындай еңбек жетістіктеріне жеткені үшін Шір-

кейлі ауылының орнын ерекше атап, Қ.Майлықожаев, Орынкүл Сүлейменова, Орынбек Ахметов, К.Әзбергенов, тағы басқа аға буын еңбек майталмандарынан диканшылықты үйренгенін айттып, ризашылығын білдіріп отыратын, Бексұлу Синаева, Келдібай Дүйсенбаев, тағы басқа өзімен қатар еңбек еткен, жастары кіші болғанмен, үлкен жетістікке жеткен әріптестерін мақтан тұтатын, егіншілікке жаңа келіп жатқан жастарды қамқорлығына алып, жинақтаған тәжірибесін үйрететін.

Балдырған «барға береке» дейтін, қанағатшыл, қарапайым еді, ешуақытта «менің еңбегім бар еді, батыр едім, маған үй керек, машина керек» деп ешкімнің есігін қағып, берекесін алған кісі емес. Социалистік Еңбек Еріне берілуге тиіс жеңілдіктердің өзін толық пайдалана бермейтін, балаларын да солай тәрбиеледі, барлық жақсылыққа еңбекпен жететіндіктеріне көздерін жеткізіп отырды. Өзінің барлық көрген жақсылықтарына еңбекпен жеткендігі жөнінде: «Әкеден ерте қалған үш жетім баланың біреуі едім, алдыңғы қатарлы азамат санатына қосқан елімнен айналайын», – деп отыратын.

Қосағынан ерте айырылған Балдырған ошағының отын маздатып, 3 ұл, 2 қызды тәрбиелеп, оқытып, әрқайсысының өзі қалаған маман иесі болуына мүмкіндік жасады, бір сөзбен айтқанда, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, аналық парызын абыроймен өтеді.

Балаларын жетілдірген соң немерелердің тәрбиесімен айналысты. Қазір Балдырғанның 5 баласынан 22 немере 21 шебер өсіп келеді, олар әжесінің өмірінің жалғасы, артында ұрпағы бар деген осы.

Балдырғанның тағы бір ерекшелігі мінезге бай еді. Көптеген жылдар бойы араласып, түрлі ортада кездесіп жүрсе те, қанша өмірдің қиындығын, бейнетін көрсе де, бір қабағын шытып, қатты сөйлегенін көрген емеспіз. Ашық, жарқын күліп жүретін, бүкіл Сыр бойында, республикада оны білетіндердің осы уақытқа дейін есінде қалғаны, Балдырғанның әдемі ғана қимылы тұратыны, ол айналасына нұр шашып, адам тартатын, қолынан келгенінше шапағатын тигізетін. Жылап жатқан, болмаса, сәл суық тиіп ауырып қалған сәбиді қолына алып, сипағанда жылағанын қоя қойып, жаны жай тапқанын талай өз көзімен көрдім.

Балдырғанның өмірден өтуі де ғажап болды. Төсек тартып жатпай-ақ, жаны қиналып аурудың азабын тартпай-ақ, теледидарға түсіріп алуға келген журналиске сұхбат беріп, өзінің еңбектес достары, елі, жері жайында, ауылын, ауданын басқарып, еңбек адамдарына жағдай жасап жүрген басшы азаматтар туралы тебірене айтып отырып, өмірден өтті.

Балдырғандай парасатты, ізгілікті, мейірімді, атакты адамның дүние салғанынан кейін екінші өмірі басталды. 2014 жылдың маусым айының басында Социалистік Еңбек Ері Балдырған Мұстапаева 75 жасқа толды. Дүниеден өткеніне 8 жыл болса да, Ердің есімін мәңгіге қалдыру жөнінде ешқандай қадам жасалмағаны өкінішті-ақ. «Ештен кеш жақсы» дегендей Балдырғанның туған күнін, дүниеден өткен күнін қанша рет еске алса да, ол туралы естелік жазса да, есімін мәңгіге қалдырса да, артық болмайды, өйткені оның елге еткен еңбегі өнеге, жас ұрпаққа ұлағат, осыны естен шығармағанымыз абзал.

**Алмагүл БОЖАНОВА,**  
**Сырдария ауданының**  
**құрметті азаматы,**  
**«Ұрпақтан ұрпаққа»**  
**қоғамдық бірлестігінің**  
**торайымы.**





## ҚАДІРЛІ АЗАМАТ, ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

Ұрпақ сабақтастығы деген сөздің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Жарық дүниеге келген соң, ізінді жалғар салықалы да саналы ұрпақ әкелуді міндет санайсың. Ол – сенің өмірің, ол – сенің көзің. Бүгін біздің тілге тиек еткелі отырған кейіпкеріміз – Итен Қарымсақұлы кешегі соғыс көрген буынның сарқыты.

Біздің бұлай деуімізге негіз де жоқ емес. Белгілі журналист, қаламгер нағыз ержүрек, өр рухты, биік намысты ұрпақтың баласы. Қазақ даласын шарпыған соғыс айрандай ұйған қаншама отбасының шырқын бұзды. Жас та, кәрі де жүрек әмірімен Отанын қорғауға аттанып, толарсақтан қан кешті. Баласын зар еңіреп соғысқа шығарып салған ана, отағасының аман оралуын тілеген әйел, «әкелеп» жылаған бала... Бұл сол бір сұрапыл жылды көз алдына әкелетін көріністер. Итен ағаның әкесі Әбсаттар Қарымсақұлы да Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін елін жаудан қорғауға аттанады. Қан майданда қатты жараланса да, туған жерге кеудесін медальдарға толтырып оралады. Ең бастысы, Құдай от пен оқтан сақтап, шаңырағын қайта көруді нәсіп етті. Бұдан асқан бақыт бар ма?! Егер Әбсаттар ақсақал аман келмегенде ше? Бүгінгі бақытты күнге куә ұрпағы өмірге келер ме еді, келмес пе еді?

Міне, Итен Қарымсақұлы өмірдің өзі бұйыртқан ұрпақ. Қаламгердің айтуынша, әу баста әкесі Әбсаттар мен анасы Әнипаның отбасында бала тұрмапты. «Ырымға сенетін халықпыз ғой. Ұзақ күттіріп, дүниеге келген мені «Көз тимесін» деп әр түрлі атпен атайды. Сонымен не керек, есімімнің Итен аталуы да сондықтан...», – дейді кейіпкеріміз. Алла нәсіп етіп, Итен ағаның ізінен Сейтен, Дүйсен, Сұлтан атты інілері өмірге келеді... Ал, төрт баладан өрбіген ұрпақ бүгінде бір-бір үйдің тұтқасын ұстап, түтінін түтетіп отыр. Соның ішінде Қарымсақ әулетінің көшбасында тұрған Итен Қарымсақұлының қоғамда алатын орны ерекше. Қолынан қаламды тастамаған ел ағасы жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақ журналистикасында адал қызмет атқарды. Ақ парақ пен қаламды серік еткен Итен аға талай өзекті мәселенің шешімін табуға түрткі болып, көңіліне демеу іздеген жандарға араша түсті. Шындық пен жалғанды, адамгершілік пен озбырлықты, жемқорлық пен қиянатты қаламына арқау етті.

Белгілі қаламгердің еңбек жолы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің ұстаханасында басталды. Осы басылымның өнеркәсіп,

құрылыс және транспорт бөлімінде жұмыс істеп жүріп, өмірге көзқарасы терең, талапшыл, талғамы күшті, ой дүниесі бай, бәрін саралап, салмақтап, ой елегінен өткізіп жазатын журналистің бірі саналды. Әсіресе, ең ауыр сала – құқық тақырыбын жазудағы біліктілігі мен білгірлігі Итен Қарымсақұлының ең жақсы, ізгі қасиетіне айналды. Бұған «Сыр бойы» газетінде әр жылдары жазған дүниелері куә бола алады. Оның бір ұжымда табандай 24 жыл еңбек етуінде үлкен мән бар. Осы уақыт аралығында қаншама редактор ауысса да, қай-қайсысы да Итен ағаның ыждағатты, сапалы жұмысына ерекше ризашылығын білдірген екен. Соның бірі Ұзақ Бағаев еді.

Журналист осынау өмір мен тәжірибе ұштасқан еңбек өтілінде Ұзақ Бағаевтай редактордың қол астында жұмыс істегенін бақыт санайды. Ұлтжанды азаматтың бойындағы патриоттық сезім мен туы жығылмас рухтың әманда биіктігіне тәнті болды. Ұстаз әрі азамат ретінде үлгі тұтты. 1962 жылдың тамызынан 1968 жылдың қарашасына дейін Қызыл-

орда облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде бас редактор қызметін атқарған Ұзақ Бағаев туралы Итен Қарымсақұлы: «Мен Ұзекеңмен бірге еңбек еткен бес жыл жеті ай ішінде оның тәрбиесін алдым, ақыл-

өңіріндегі «Жезқазған туы» газеттерінің редакцияларында шындалған Итен аға Алматы қалалық прокуратурасының баспасөз хатшысы қызметін де дөңгелетіп әкетті. Бұл қызмет Итен Қарымсақұлына қол емес деп кім айтты? Бұрыннан өзі қаузап келетін құқық тақырыбына бірден кірісіп, еліміздің беделді басылымдарында оқырманға ой саларлық мақалалар топтамасын қарша боратты. Қоғамда тамырын терең жайған қылмыстық ахуал қатарында лауазым иелерінің қызмет бабын асыра пайдалану, мүлкті жекешелендіру, қазына қаржысын талан-таражға салу, қарулы қарақшылық шабуыл жасау, өзге де заңға қайшы әрекеттерге тосқауыл қою шарасын күшейтуді бір кісідей қолға алуға атсалысты. Әрине, заң талаптарын аяққа басып, бөтеннің мүлкіне қол салу, жалған жолмен ақша тауып, ауыз жаласқан жемқорлардың іс-әрекетіне балта шабу ондай шаруа емес. Соған қарамастан, бұл істе Итен аға көп ізденді, тақырыпты толық қамтыды. Әсіресе, ат үсті, жүрдім-бардым атқарылатын дәрігерлік қызмет көрсетуде адам құқының бұзылу жайын

да әшкерелеп жазуды назардан тыс қалдырған жоқ.

Итен Қарымсақұлының сол жылдары баспасөзде жарияланған мақалаларының басты тақырыбы – осы сарындас. «Қарулы шабуыл жасағандар», «Үй тонау



кеңесін тыңдадым, сыйласып еңбек еттім, жақсылығын көрдім, үлкен ұстаз санаймын. Сондықтан журналист ретінде қаз тұрып, қадам басуыма және қалыптасуыма, мәртебелі мамандыққа қиянат келтірмей, адал қызмет етуіме игі ықпал еткен Ұзақ ағаның өмірі жайлы қалай жазсам да, жарасады. Журналист Ұзақ Бағаев 32 жасқа қараған шағында, жарқырап, жайнап, жанып тұрған кезінде Сыр еліне бақ құсындай болып ұшып келді, өзі де бақытты болды, соңына ерген жастарды да бақытты етіп кетті. Ол басқарған газеттің отымен кіріп, күлімен шыққан жас журналистердің көбі жазушы, елге танымал азамат атанды. Мен де Бағаев бауырына тартқан жас журналистің бірі едім, редакцияда жұмыс істеп жүріп журналистік жоғары білім алдым. Осы газеттің табалдырығын ширек ғасырға жуық аттап, туған жеріме адал қызмет атқардым», – деп тебірене жазады. Алаштың азаматына деген сөзден өрілген сый-құрметтің өзі.

Журналист Итен Қарымсақұлының қалам тербемен тақырыбы жоқ. Партия және кеңес жұмыстарымен қатар өзге де түрлі мамандық иелері туралы портретті очерктер жазды. Қайнаған өмірдің қақ ортасында жүрген белгісіз азаматтарды ел-жұртқа етене таныстырды. Астықты өлке Торғайдағы облыстық «Торғай таңы» және өнеркәсібі дамыған Жезқазған

эпизодтары», «Бақылау пәрменді болса, заң талаптары бұлжымай орындалады», «Айласын асырып, пайдасын жасырғандар», «Тергеу тегеурінді болуы тиіс», т.б секілді, аты айтып тұрғандай, журналист қалың көпшілікті қылмыс, құқық тақырыбынан хабардар етіп отырды. Ұзақ жылғы табанды еңбегінің жемісін көрген қаламгер Итен Қарымсақұлы «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына – 20 жыл» мерекелік медалінің, Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Бас Прокурорының Құрмет грамотасымен марапатталған. Қаламгердің бұған дейін өткен өмір жолына ақсақалдық көзбен қарап, тіршіліктен көргені мен көңіліне түйгенін қағаз бетіне қаттап түсіргені бізге мәлім. Оның Алматыдағы «Арна» баспасынан жарық көрген «Қоңыр қалам» және «Адамдар. Жылдар. Тағдырлар» атты кітаптары оқырманға жол тартты. Белгілі ардагер журналист, сұлу сөздің шебері Итен Қарымсақұлының кейінгі ұрпаққа қалдырар мұрасы таусылмасын деп тілейік.

Динара МЫНЖАСАРҚЫЗЫ,  
журналист.  
Алматы қаласы.

## ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАС ҰЛАНҒА ҮЛГІ

Елбасы

«Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында мемлекет пен қоғамның, үкіметтік емес ұйымдардың алдында тұрған асқаралы асу-әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуындағы нақты міндеттерді атап өтті.

Қызылорда қаласында №187 М.Шоқай атындағы қазақ орта мектебінде «Ұрпақтан ұрпаққа» атты облыстық қоғамдық бірлестігі мектептің жас ұландарымен «Ерлік, Өрлік өзінен басталды анық, алдында талай бас иген асқар алып» атты патриоттық акция өткізді. Ата дәстүрімізді қастерлей отырып, жастардың заманауи үрдістерді меңгеріп, туған жеріміз Сыр елінің келешегіне жол салуға тәрбиелеуде, аға буын өкілдерінің жастардың рухани тәрбиесіне көңіл бөліп, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға қатыстырудың бүгінгі күні өте қажет екенін атап көрсеткен мектеп директоры, тарих ғылымының кандидаты, доцент Ақгүл Мұсабаева осы бағытта бұрынғы комсомол, пионер ұйымдарының тәжірибесіне сүйену керектігін, олардың қоғамға берері мол тәжірибелі ұйымдар болғанын жеткізді.

Шараға қатысқан қалалық білім бөлімінің басшысы Марат Аралбаев жастардың бойына адамилық қасиеттерді сіңіре отырып, елін сүйер ұлан ретінде тәрбиелеуде аға ұрпақтың ерлігі мен өрлігін, еңбек үлгілерін насихаттайтын атаулы іс-шараның маңызы зор екендігіне тоқталды. Кездесуде облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағанбетова жас ұрпақты біздің тарихымыздағы жаңа ұғым – Мәңгілік ел құруды көздейтін ұзақмерзімді стратегияны жүзеге асыруда білімдерін шыңдап, шығармашылықпен, ізденіспен айнабай еңбек етуге шақырды. Облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры А.Үмбетқұлова Мәңгілік ел-ұлттық идеяны ұрпақтан ұрпаққа жалғастыратын ұлттық құндылық ретінде қазіргі жас ұрпаққа насихаттауда облыс көлемінде бірлесе атқарылатын шаралар жөнінде айтты. Шараның «Алау басындағы әндер» атты бөлімінде облысымыздың құрметті азаматтары, бұрынғы комсомол мен пионер ұйымдарының хатшылары, көшбасшылары мен бөлім меңгерушілері С.Әбдрәхимова, М.Әліпбаева, Р.Қалжанова, М.Бексары және Р.Садықовалар мектептің жас ұландарына өткен күндерден естеліктер айтып, бірге ән шырқады. Отанын сүйе, болашаққа сенімділіктің, өмірге деген құштарлықтың, құлшыныстың, намыс пен қайраттың мол болуына тілектерін білдірді.

Сәуле ЕГІЗБАЕВА,  
№187 М.Шоқай атындағы қазақ орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Жүрегі жайсаң, көңілі көктем, жаны жаз, ақжүрек азамат, қазақтың маңдайалды жоғары оқу орны мемлекеттік университетінің математика бөлімін тәмамдап, ұстаздық мамандықтың тізгінін ұстаған Әнес Бөкешұлы Өтегеновтың өмірден озғанына он жылға жуықтап қалса да, оның бейнесі көңілімізде жанымызда жүргендей елестеп, жүректің түбінен мықтап орын алғанын естен шығара алмайсың.

Менің Әнеспен алғашқы таныстығым сонау 1965 жылы облыстық комсомол комитетінде екінші хатшы

## ЖАЙСАҢ ЖҮРЕК

қызметін атқарып жүрген кезімде басталған еді. Оған себепші мына төмендегі жағдай болатын. Облыстық партия комитетінің бюросында Жалағаш аудандық партия комитетінің «Аудан колхоздары мен совхоздарында ауыл шаруашылығының жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» есебін тыңдау жоспарланған. Осыған орай аталған мәселені дайындау тобына менімен бірге, сол кезде Арал аудандық партия комитетінің нұсқаушылық қызметін атқаратын Әнес енген болатын.

1965 жылдың соңына таяу облыстық партия комитеті оны ұйымдастыру-партия жұмыстары бөліміне нұсқаушы етіп, кейіннен сол бөлімнің меңгерушісінің орынбасарлығына бекіткен еді. Міне, біздің таныстығымыз сол уақыттан бастап сыйластыққа, қимастыққа айналып, марқұм Әнеспен жарты ғасырлық достығымызды тек ажал ғана ажыратқан еді.

Қазағымыздың көп құндылықтарының ішінде «сегіз қырлы, бір сырлы» деген мағынасы өте зор теңеу бар. Біз әдетте бұл теңеуді өнер өкілдеріне, жезтаңдай әнші, сауағы жүйрік күйші, сазгер сияқты санлақтарға тікелей қарата айтып жатамыз. Алайда, бұл «сегіз қырлы, бір сырлы» теңеудің сырын аузы дуалы, өзі зиялы жандардың айтуы бойынша «тектілік, бекзаттық, жомарттық, ілімпаздық, мәрттік, батырлық-батылдық, сакилық, байлық» деп таратқаны жаңға жайлы тиіп ойыннан шығатыны күмәнсіз. Осыған орай, өзіміздің пендешілік ойымымен жоғарыда айтқандай «сегіз қырлы, бір сырлы» санатына Әнесті де жатқызуға толық негіз бар ғой деп есептеймін. Өйткені, оның жалпақтау мен жалтақтаудан ада, турашылдығы, тәуекелшілігі ата-бабасының қанымен келген тектілігінен туындайтын. Ол ойға алған максатты орындау үшін мүлде өзіне онша таныс емес беймәлім ортаға ешкімге жалынбай, ешкімге қолқа салмай бір тәуекелге сенетін. Оның бойындағы тағы бір ерекшелігі кез келген қатардағы қарапайым адаммен де, басшымен де тең сөйлесіп, еркін пікір алысатын. Өзінің өмірден көргендігімен, көңілге түйгенімен, дүниетанымының кендігімен кісіні мойындата-

тын.

Кездейсоқ біреудің басына көлденең іс түсе қалса, көмек керек болса, соның қасынан бірінші болып Әнес табылатын. Көптеген жолдас-жораларының ауру-сырқауына, қайғы-қазасына жаны ауырып, өзіндегі барымен, жоқ болса, жылы сөзі – жанымен, зыр жүгірген қызметімен қолдау көрсетіп тыным таппайтын.

Тағы да Әнестің жақсы әдеті оқу-үйренуден, ізденуден еш уақытта жалықпайтындығы еді. «Жақсы адамның өкпесі шәйі орамал кепкенше» дейді өткендер. Оның адамдардың

кемшілігіне, мінез, таршылығына кеңдікпен қарайтын мәрттігі бір басқа еді. Қызмет бабында, тіршілікте аяғынан шалған кейбір адамдарға кектенбей, керісінше аңқылдай күліп, кешіріммен қарайтын. Басына түскен күрделі шактарда да, жаны ауырып, жабырқау тартқан сәттерде де сабырлық қалпынан айнымайтын.

Кейіпкеріміз жайлы әңгімені әрі қарай өрбіту барысында өзіме тікелей қатысы бар жайды да айта отырайын. Мен облыстық комсомол комитетінің екінші хатшылық қызметінен 1965 жылы Алматы партия мектебіне түсіп, оны 1967 жылы бітіріп, облыстық партия комитетінің ұйымдастыру-партия жұмыстары бөліміне нұсқаушылық қызметке келгенімде, Әнес осында бөлім меңгерушісінің орынбасары лауазымын атқарады екен.

Коммунистік партиясының басшылық рөлінің шарықтау тұсында партия – ақыл-ой орталығы болса, облыстық партия комитетінің ұйымдастыру-партия жұмыстары бөлімі оның жүрегі іспеттес сезінетін. Облыстағы барлық басшы кадрларды номенклатураға алып, олардың есебін жүргізу, осы бөлімнің сүзгісінен өтетін.

Әңгімеге арқау болып отырған кейіпкеріміз кадр бөліміндегі кедергілер мен тосқауылдарға қарамастан, бұл бөлімде нұсқаушылықтан бастап бөлім меңгерушісінің орынбасары, кейіннен әкімгершілік, сауда-қаржы органдарының бөлім меңгерушісі лауазымдарын абыроймен атқарып, өзінің еңбек өтілінің 20 жылдан аса мерзімін тікелей партия аппаратында жұмыс істеуге арнаған еді. Ол 1986-1995 жылдарда облыстық есеп-санақ (облстат) басқармасын абыроймен басқарып, жасының ұлғаюына байланысты еңбек демалысына – зейнетке шыққан болатын.

Әнестің жиырмажылдық партия қызметіндегі еңбегіне алған бірнеше ордені, ондаған медалі, грамоталар мен атақтары да жетерлік. Ол бірнеше мәрте аудандық, облыстық партия комитеттеріне мүше, аудандық, облыстық кеңестерге депутат болып сайланды. Қарапайым тілмен айтқанда, кейіпкеріміз, бөлімдегі қара қазанның тұтқасын ұстайтын еді десек, артық айтқандық болмас. Сонан да болар оның

беделі өзіне жететін, айтқан ұсыныстары басшылық тарапынан әрдайым қолдау табатын.

Әнесті төңірегіндегі достарынан бөліп қарауға болмайтын, оның бала жасынан жолдас-жоралары көп, ол табиғатынан көпшіл еді. Аңқылдаған ақкөңіл, жайлы әзіл айтып, кіршіксіз таза көңілін білдіріп, досқа қоң етін кесіп беретіндей мәрт болатын. Айналасындағы туыс-жарандарымен, достарын бөле-жармай, олармен біте қайнасып, қуаныштары мен қиындықтарына ортақтасып, сый-



ластықтары жарасқан, берекелі топқа айналған еді.

«Жазмыштан озмыш жоқ» деген, жаратушының жазуымен достарымыз Мұхамедияр Қаратаев, Сағитжан Сермағанбетов пен Әнестің арамыздан мезгілсіз кеткені жанымызды қатты күйзелткені әлі ұмытылған жоқ. Айтқанынан қайтпайтын ажал Әнес пен Тұрсынның көзінің қарасы мен ағындай сүйікті қызы Ферузаны өмірден мезгілсіз алып кетсе, Әнестің өзінің жер қойнына енгеніне жылы өтпей-ақ он екіде бір гүлі ашылмаған азамат баласы көз жұмды. Дарынды, білікті, асыл азамат – Әнес Өтегенов үстіміздегі жылдың желтоқсанында көзі тірі болғанда 80 жасқа толар еді.

Саналы ғұмырын, алған білімін, жинаған тәжірибесін туған елінің тұғырын биіктетуге, сәулемді болашақты, нұрлы келешекті кемелденіп, қоғам көшінін алға озуына арнап өтті.

Ол 1934 жылы Арал қаласында көп жанұялы отбасында дүниеге келген. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының елге салмақ салған ауыр тұстарда өтсе де, оны өмірдің өзі шыңдап, ұлы соқпаққа салып алға қарыштап кадам жасауына ықпал етті. 1953 жылы Арал қаласындағы №13 Т.Шевченко атындағы орта мектепті ойдағыдай бітіріп, теңіздің толқынынан қанаттанып өскен ауыл баласы, арман қуып, Алматы қаласына жол тартып, қазақтың маңдайындағы жалғыз университетінің математика факультетіне оқуға түседі.

Әнестің өзі де таңдаған мамандықты игеруге құштарлығы күшейіп, атакты ғалымдардың көз алдында жүріп, білім мектебінің үлкен сындарынан өтті. Бес жыл көз майын тауысып, кітаптарға үнілген күндер, қызығы да, таршылығы да болған

студенттік дәуір бір күндей болған жоқ, зымырап өте шықты.

«Құнарсыз жерге шөп бітпес, ер жігіттің тағдыры туған жермен кіндіктес» дегендей, университетті 1958 жылы тәмамдап, Әнес әсем қала Алматыны артта қалдырып, туған жерге, Арал теңізінің жағаға соққан асау толқындарын сағынған жүрегі туған елге асықты.

Ол 1958 жылы ұстаздықты Арал қаласындағы №15 К.Ворошилов атындағы орта мектептен бастағанын еске алсақ, оның алғашқы қадамынан-ақ алғырлығы мен алымдығы мығым, өз қызметіне шын берілген, пайым-парасаты мен адамгершілік қасиеттері мол, мәдениеттілігі ерекше жан болғандығын замандастары кейіннен жиі-жиі еске алатын.

1961 жылы Арал аудандық партия комитеті белсенділік танытқан жас кадрды, келешегінен үміт күтіп, оны өзінің аппаратына нұсқаушылық қызметке жоғарылатады. 1962 жылы Өтегенов әулетінің көп жанұялы отбасына Тұрсын Ержанқызы келін болып, табалдырығын аттағаннан бастап, үй-ішінің берекесін кіргізіп, шырайын шығара бастайды. Әулеттің шамшырағындай аяулы жары Тұрсынмен Әнес екеуі ұялмайтын ұл өсіріп, қысылмайтын қыз тәрбиелеген тәрбиелі жанұяға айналды.

Жас жұбайлар жанұяның ынтымағын жарастыра отырып, отбасының тал бесігінен алты бала тәрбиелеп өсірді. Жаратушының әрқайсысының маңдайына жазған тағдырына таласы, өміріне өкпесі жоқ. Тек, әттеген-айы екі баласының өмірден ерте кетіп, жарық жұлдыздарының ерте сөнгені болмаса. Бұл ауыр қайғының ойдан өшпейтін орын тепкенімен, зырлаған уақыттың жазбайтын жарасы жоқ.

Әнестің жанұясының басына түскен орны толмас қаза уақыт табымен ескіріп, қолдағы ұл-қыздарының келешегіне медеу тұтып, олардың таңдаған мамандығын алуына мүмкіндік туғызып, әрқайсысының дербес отау құрып, балашағалы болып, әр салада абыроймен еңбек-тіршілік жасап, жүргеніне шүкіршілік етеді. Атап айтсақ, Димаш, Роза, Гүлнар Алматы қаласында уақыт талабына сәйкес өз кәсіптерімен шұғылдана, ал баланың кенжесі – Ескендір Қызылорда қаласындағы мұнай компаниясының бірінде маман болып жұмыс істеп жатыр.

Шүкір, тәубе Әнестің өзі өмірден озғанымен, кейінгі ұрпағы ғұмырын жалғастырып келеді. Тұрсын артындағы шаңырағының берекесін келтіріп, немерелерінің қызығына бөленуде. Артындағы атын өшірмейтін жұбайы, тәрбиелі балалары, өнегелі келіндері, алтын асықтай немерелері барда, досымыз Әнестің аты өшірмес, оның ғұмыры ұрпағымен мәңгі жасай береді.

**Қаһарман ТАБЫНБАЕВ,**  
**Қазалы, Жалағаш аудандарының құрметті азаматы,**  
**дербес зейнеткер.**

## Отбасылар сайысы

Салауатты өмір салтын насихаттау, ана мен бала денсаулығын нығайту мақсатында С.Сейфуллин ауылында “Толағай” атты отбасылық сайыс өтті.

Сайысқа С.Сейфуллин ауынан “Ақ көгершін”, Тереңөзек кентінен “Қыран”, Қалжан ахун елді мекенінен “Болашақ” отбасылық топтары қатысты. Олар алты кезек бойынша жарысқа шығып, бақ сынады. Қайсыбір сайыста болмасын қырағылық пен тапқырлықтан көпшілікті тәнті еткен “Ақ көгершін” атты отбасылық топ бас бәйгені қанжығаларына байласа, тереңөзектік “Қыран” отбасы екінші, ал Қалжан ахун аулынан ат басын бұрған “Болашақ” командасы үшінші орындарды иеленді.

Отбасылар сайысының өткізілуіне аудандық ішкі саясат бөлімі қолдау көрсетсе, “Сырдария ауданының әйелдері” қоғамдық бірлестігі мұрындық болды. Жарыс жеңімпаздарына қаржылай сыйақылар табыс етілді.

## Жастар акциясы өткізілді

«Іңкәрдария» ауылында аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен аудандық «Мирас» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Таза ауыл» акциясы өткізілді.

Шара барысында «Жасыл ел – жас түлек – 2014» атты ауылдың мектеп бітіруші түлектерінің ағаш отырғызу рәсімі болды. Осы күні ауылға 2000 қаламша егіліп, 24 шаршы метрдің көлемінде күл-қоқыс шығарылып, көшелер тазартылды.

## Бар жақсылық – балаға



Аудандық медицина саласының қызметкерлерінің ұйымдастыруымен “Әрқашан күн сөнбесін...” атты салтанатты шара болып өтті.

Игілікті шараның ашылу салтанатында аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары, аудандық мәслихаттың депутаты Ш.Ізетов сөз алып, жас бүлдіршіндерге деген өзінің аталық ақ тілегін алғаусыз жеткізді.

Шара барысында бүлдіршіндер таппақ пен ән айтудан, мың бұрала би билеуден, түрлі ойындар өрнектеуден сайысқа түсіп, ата-аналарын қуанышқа кенелтті. Жеңімпаздарға түрлі ойыншықтар, тәттілер мен балмұздақтар үлестірілді.

Сондай-ақ, Тереңөзек кенті мәдениет үйінде де “Бала – бейбіт өмір лебі” атты мерекелік іс-шара өткізілген. Оның мақсаты – көз мүгедектері балаларына қамқорлық қолдарын созу болатын. Бұл шараға аудан аумағынан ондаған заңи жандар қатысып, игілікті іс-шараға өз ризашылықтарын жеткізді.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**  
Сырдария ауданы.

СЫРДАРΙΑ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ТАЛ БЕСІКПЕН ТЕРБЕТІЛГЕН ТЕКТІ ӨНЕР

Облыстық филармонияның ұйымдастыруымен «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Ш.Тілеуесов пен Г.Нұржанованың «Тал бесікпен тербетілген текті өнер» атты отбасылық концерті өтті.

Сыр елі мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне сүбелі үлесін қосып келе жатқан сахна саңлағы Шынберген Тілеуесов 1977 жылы Мәдениет басқармасының жол-

дамасымен Алматыдағы республикалық эстрада-цирк өнер студиясына түсіп, оны 1979 жылы Жүсіпбек Елебековтың сыныбы бойынша тәмамдайды. Осы жылы Мәдениет министрлігінің жолдамасымен Қызылорда облыстық филармониясына әнші болып қызметке қабылданды. Туған топырақтың киелі сахнасына қызмет еткелі 35 жыл болды.

Халықты әсем әнімен әлдилеген Күлжамал Нұржанова Алматы қаласындағы

республикалық эстрада-цирк өнер студиясын 1979 жылы бітіріп, Мәдениет министрлігінің жолдамасымен филармонияға әнші болып қабылданады. Өнер иелері қатар жүріп Қазақстанның барлық өңірінде және көршілес Өзбекстан, Қарақалпақстан, Тәжікстан республикаларында гастрольдік сапарларда болып қазақ мәдениетін дәріптеді, ұлттық өнерін насихаттады. Кең диапазонды қоңыр үнімен көрерменінің көзайымына айналды.

**М.МЕРЕЙ.**



**Айтушылардың сөзіне қарағанда, қазіргі Қызылорда облысы, оның кейбір төңірегі Елкей ханның (ресми құжаттарда Елекей-Ермұхамед Қасымов) қол астында болған. Патша өкіметі Елкейді хан ретінде танымаса да, халық таныған. Хиуа хандығы Елкейге: «Бізге бағын», – деп ұсыныс айтады екен. Елкей бағынбапты. Осыдан кейін неше жылдар бойы малын, жанын талап алып маза бермепті. Елкейде қарымта қайтарып соғысатындай күш болмапты. Бұл туралы әкеме анасы Ханша мынадай әңгіме айтып беріпті.**

«Талай жылдар бойы Хиуа ханы мен Елкей хан ит ырғылжын күн кешіпті. Бір күні Хиуа ханы кулық ойлайды. Елкейді сыйламақ болып, отбасымен шақырып алады. Достасамыз дегеніне Елкей шын көңілімен нанады. Шындығында, Хиуа ханы алдап шақырып алып, өлтірмекші болады. Осы кезде әкем Байқожа батыр басқа жақта жаугершілікте жүр екен. Хиуа ханы ірі басты адамдарымен әрі ойласып, бері ойласып, Елкей ханды өлтіруге Байқожа батырдан қорқады. Қалайда ол кек қайтарады деп есептейді. Осының арасынша үш-төрт ай өтіп кетеді.

Байқожа батыр майданнан келсе, Елкей (Халық осылай атап кеткен. – Б.С.) жоқ. Ауылдағылар «Хиуа ханының алдап шақырып алып жібермей жатқанын» айтады. «Олай болса, мен ханды тұтқындықтан босатып әкелемін», – дейді халыққа. «Қасыңа адам қосайық». «Жоқ, жетегіме ат аламын да, жалғыз барамын», – дейді. Батырды айтқанынан қайтару оңай ма, көпшілік амалсыздан келіседі.

Байқожа батыр алдымен барлау жасап, Елкей ханның қай үйде қамаулы жатқанын біліп алады. Түнде барады да, бейғам тұрған қарауылдарын өлтіреді. Қамыспен жабылған жатаған үйге қамалған екен. Төбесін теседі де: «Елкей, шық», – дейді. Ол тесіктен салбырап түсіп тұрған мықты арқанды көріп: «Бала-шағамды қайтемін», – деп жауап қайтарады. «Онда шаруаң болмасын, тездет». Жетектегі атына мінгізеді де, тартып отырады.

Хиуа ханы таң атқан соң ғана біледі. Қасына бес жүз серік алады да, Елкей ханды өзі қуады. Ол күні жете алмайды. Келесі таң атқанда барып екі аттының қарасы көрінеді. Хан: «Жалғыз өзі келіп, Елкейді босатып алған неғылған жүрек жұтқан адам», – деп ойлайды да, жауырыншысын шақыртып алады. «Анау кісіні байқап көріңізші», – деп шын ойын жасырмайды. Жауырыншы жауырынына қараса, Байқожа батырдың соңында ғайып ерен қырық шілтен бара жатыр [Соңына ғайып ерен қырық шілтен

еріп жүрген адам тегін бола ма?!]. Көріпкел Хиуа ханына көргенін айтады. Тағы да: «Анау Елкейдің қасында бара жатқан адам өте қауіпті: Сіздер бес жүз болсаңыздар да қырып кететін түрі бар», – деп қорқынышын қоса білдіреді. Уәлиі (жауырыншысы) әбден сыналған, сөзі қате кетпеген кісі екен. Хиуа ханы тұрып-тұрып әскерімен кейін қайтады.

Елкей мен Байқожа да аман-есен ауылына жетеді. Үш-төрт ай өтіп кеткендіктен, хандық лауазымы өз-өзінен күшін жояды екен. Халық жиналып, ақ биенің

кұртуға белді бекем байлайды.

Жиналғандар тобымен жолбарысты айдап шықпақ мақсатымен төніп барады. Сол-ақ екен жолбарыс даусы жер жара ақырып, қарсы ұмтылады. Осынша адамнан қорықпайды. Бәріне де жан керек. Жан-жаққа бытырай қашады. Елкей хан бастаған үлкен-үлкен кісілер бір қыратқа жиналады. Қастарына өзге адамдарды да жинап алады. Кеңес құрады. Ең соңында Байқожа батырдың пікірі қабылданады. Ол: «Араларыңыздан ең батыр деген бір жігіт шығып, жолбарыстың

# БАЙҚОЖА БАТЫР

сүтіне шомылдырып, ақ киіздің үстіне көтеріп, Елкейді қайтадан хан сайлайды. Елкей мен Байқожа жалаңаш көкіректеріне қылыш қойып, қияметтік дос болады. Қияметтік достың мағынасы қиын-қыстау кезеңдерде бірінің өлген жерінде екіншісінің өлуі шарт. Елкей өзін өлімнен сақтап қалғаны үшін Байқожа батырды жанындай жақсы көреді. Елкей қайта хан болған жылы туғандықтан, Байқожа батыр жалғыз қызының атын Ханша қояды. Анамыздың жылын қайтарғанда, бұл – 1849 жыл. Ханшадан менің әкем Сағындық туады.

Аңдыған жау алмай қоймайды. Үш жылдан кейін Елкейді Хиуа ханы қайта қолына түсіреді. Алайда бұл жолы да Елкейдің сайлаулы-сайлаулы төрт жігіті (оның ішінде Байқожа батыр да бар) намысты қолдан бермей хандарын қашыртып алады. Осы оқиғадан соң Елекей-Ермұхамед хандығымен қоштасып, патша өкіметіне бірыңғай беріледі. Ақмешіт жорығына қатысады. Адал еңбегі үшін полковник дәрежесіне көтеріледі.

Ханша анамыз әкеме тағы мынадай әңгіме айтып беріпті. Алла тағала Елкей хан мен Байқожа батырдың арасындағы достықты сынағысы келді ме екен, көп ұзамай оларды мынадай оқиғаға душар етіпті. Ол заманда жолбарыс көп болады екен. Жолбарыстың біреуі хан аулының жылқыларына тиісіпті. Тиіскенімен тұрмай, бүкіл жылқыларды бір жерге иіріп, қамап ұстапты. Жылқышылардың «қарақұлақтап» қорқытқанына пысықырып та қарамапты. Тіпті болмаған соң ауылдың барлық адамдары қанжар, айыр, балта, кетпен, күрекпен қаруланып, жиналып барып жолбарысқа сес көрсетеді. Жолбарыс бұларға ақырып ұмтылады. Әрқайсысы бет-бетімен қаша жөнеледі. Бірақ бұларды жолбарыс одан әрі қумайды. Өз орнына барып қайтадан жатып алады. Жылқының күніне біреуін өлтіріп, бір шөкім жейді де, басқасына тиіспейді.

Жолбарыс тоғызыншы жылқыны өлтіріп, тояттап жатқан күні бір жорықтан Байқожа батыр оралады. Ауылды үрей билеген. «Бұл не?» Ауылдың адамдары батырға болған оқиғаны айтып береді. «Сонда бір мысықтан қорқып, барлық малымызды қырғызып қоямыз ба? Ел болып барайық», – дейді ол. Қолда бармен қаруланып, бала-шаға, кемпір-шалға дейін қалмай, жолбарысты

ту сыртынан оралып келсін. Ол жақындағанша мен күте тұрам. Мен алдыңғы жағынан қылыш сілтеген кезде, ол айбалтамен құйымшағынан шапсын. Екеулеп жолбарыстың көзін жояйық», – дейді.

Бір жігіт сыбанып шығып, жолбарыстың сырт жағынан жақындай береді. Байқожа болса алдынан. Айбалталы жігіттің мүмкіндігі шамаға соғады-ау деген кезде Байқожа батыр жүрі-

бізге де өмірдің қажеті жоқ. Керек болса, барлығымыз да өлеміз», – деп халық қатты ашынады. Адамдар бірінің қолынан бірі ұстап алады да, жолбарысқа қарай беттейді. Ешқайсысы тайсалмайды. Көпшілік мүлде жақындаған кезде жолбарыс бауырына басып жатқан Байқожа батырды қалдырады да, құйрығын қысып алып, айбат шекпей, адамдардың ара-арасымен кете барады.

Адамдар алдымен Елкейге келеді. Ол жолбарыстан айынып, шалшық судың арасында үндемей жатыр екен. Ел келген соң батпақ-

батпақ күйі орнынан түрегеліп, адамдардың қатарына қосылады. Жайлы жерге түскен соң, ешқандай зақым алмапты. Барлығы аяңдап, етбетінен жатқан Байқожаға барады. «Батыр, аманбысың?» – деп алдымен Елкей дауыстайды. «Аманмын», – деп Байқожа басын көтереді. «Біз Сіздің басыңызды жұлып алып, лақтырып жіберді деп ойладық». «Басым емес, қарымның бұлшық еті. Ауаға шыққанда жайылып, бас сияқты көрінген



сін жылдамдатады. Сол мезетте жолбарыс бар айбатымен ақырып Байқожаға шап береді. Оның жақыннан шыққан даусынан әлгі «батыр» жігіттің жүрегі ұшып, айбалтасын тастай қашады. Алыстан қарап тұрғандар қылыштың жарқ ете қалғанын көреді. Жолбарыс пен Байқожа батыр палуандарша алыса кетеді. Байқожа жолбарысты алып ұрып, астына басады. Төрт аяқты аң қоя ма, сөйткенше болмай, аударып алып, батырды бауырына алады. Бір нәрсені жұлып алады да, аспанға қарай лақтырады. Халық «Байқожаның басы» деп ойлайды да, шу ете қалады. Олай ойламақса да болмайтын еді, лақтырылған зат аса қомақты көрінді.

Осы кезде Елкей хан шыдамай кетеді. «Досымның өлген жерінде мен де өлемін», – деп атымен жолбарысқа қарай шаба жөнеледі. Жете бергенде жолбарыс Байқожаны тастай салып, қаһарын төге Елкейге ұмтылады. Атпатымен көтеріп алып, жерге тастап кеп жібереді. Білетіндер «жолбарыста қырық адамның қуаты бар» дейді. Ат омақаса құлайды, Елкей анадай жерге ұшып түседі. «Батырымыздан – бір, ханымыздан екі айрылды. Енді

шығар».

Адамдар қансырап қалмас үшін сол жерде-ақ батырға алғашқы емдомын жасайды. Байқожа айтады: «Алғашқы алысқанда қылышымды бір сілтеп қалып едім. Кем дегенде жұлынының жартысын кескен шығар. Ізіне түсіп іздендер. Жолбарыс жараны көтере алмайды, шепік болады. Көп ұзамай өліп қалатын шығар», – дейді. Айтқанындай-ақ, жолбарыстың бір жарым күндік жерде өліп жатқан үстінен шығады.

Байқожа батырлығымен қоса аса білгір адам екен. Жолбарыстың сүйегін өртетіп, жарасына септірті. Бірнеше айдан кейін қолы қалыбына келіп, жазылып кетеді. Сөйтіп, осы оқиға арқылы екі дос өздерінің уәделеріне берік екендігін дәлелдеп шығады.

Ханша анамыз бала кезінде қарулы хиуалықтардың жөңсіз тиіскенін талай көріпті. Олар әсіресе бір жерден екінші жерге көшкен кезде көп шабуылдайды екен. Сондықтан Байқожа батыр көші-қон кезінде ел-жұртқа үнемі қамқоршы болып жүріпті. «Хиуалықтардың аса көп адаммен көшке тиіскенін өз көзіммен көрдім», – дейді екен Ханша анамыз. «Қашып бара жатқан

сарбаздың басын кесіп алғанда, аттан біразға дейін құламайды екен. Мойны сорайып шыққаннан кейін ғана жалп ете қалады. Қанша жау тиіссе де, әкеме төтеп бере алмаушы еді».

Өз әкесінің жауларының қолынан қалай қаза тапқанын Ханша анамыз әкеме былайша жеткізіпті: «Бір жарым шақырымдай жерде ғана Байқожа батырдың туған әпкесі көрші боп отырады екен. Әдетінше, бір күні сәлемдесуге зейілі ауады. Үнемі қару көтеріп жүру қажытса керек. Қасындағы екі жолдасына: «Жақын жер ғой. Әпкемнің үйіне қарусыз-ақ барып келсек қайтеді?» – дейді. Ол екеуі келісе кетеді. Орта жолға бара бергенде андып жүрген жау андап шыға келеді. Жерде тас бар екен. Таспен ұрып-ақ сегізін өрем қаптырады. Тоғызыншы тасты ала бергенде бір аяғы бір аяғына шалынысып құлап түседі. Қалың жау бас салады. Өлтіреді. Екі досының біреуін шейіт етеді де, біреуін қалдырып: «Аулыңа сәлем айта бар, Байқожаны өлтірдік», – дейді. «Өлерінде батыр еш нәрсе айта алмады ма?» – деп ел-жұрт сұрайды. Аман қалған досы: «Кейінгіге сәлем де, кең балақ шалбар кимесін» деп айтты», – деп жауап қайтарады. Кең балақ шалбардың кесірінен

аяғы шалынып қалып, жауынан әлі де болса кегін қайтара алмағанына қатты өкінгенін осылайша жеткізген.

Елкей Байқожа батырды өте құрметтеп, бірыңғай шыбықтан мұнара тұрғызады. Сол аймақ Байқожаның шыбығы атанады. Байқожа станциясының маңында тұратындар ол атаудың әлі де халық аузында екендігін айтады. Тіпті станция сол кісінің атында емес пе екен деп долбарлайды.

Ханша анамыздың Серікбай, Өрікбай, Сағымбай атты балаларынан тұқым жоқ.

Есжан, Ізтелеу, Сағындық атты балаларынан ұрпақ бар. Бір үлкен кісіден анамыздың Ақмамық атты қызынан да балалар бар екендігін, олардың Қызылорда қаласында тұратынын естіген едім. Қарасақал Байқожа батырдың туысқандары кім, Ақмамықтың балалары кім, білгім келеді. Осы мақаланың шарапатымен нағашыларымды тапсам, нұр үстіне нұр болар еді. Бәлкім, олар бірі болмаса бірі облыстық газетке хабарласып қалар. Осы тектес мақала жазар.

Байқожа батыр сияқты ұлы нағашымның болғанын мақтаныш етемін. Айтсын, айтпасын, кейінгілер тәлім-тәрбие алатын тау тұлғалардың бірі емес пе?! Елін қорғаған ерлер елеусіз қалмауға тиіс. Кім біледі, бұдан басқа да сырларын халық даналығы сақтаған шығар. Тарихшылар бұрынғы-соңғы халық қаһармандарын түгендеп жатқан кезде ел жадынан шықпаған ерлерді осылайша таныта бергеніміз жөн болар еді.

**Берікбай САҒЫНДЫҚҰЛЫ,**  
**әл-Фараби атындағы**  
**Қазақ ұлттық**  
**университетінің профессоры,**  
**филология ғылымдарының докторы.**



...Иә, Леонид Ильич Брежневті үлкен саясаттағы әріптестері, достары, тіпті “ләппай тақсырға” зар болып жүретін төңірегіндегі жағымпаздар да осылай деп атайтын. Мұндайда күллі әлемді уысында ұстап отырған Бас хатшының көңілі жай тауып, аса бір рахат сезіміне бөленуші еді.

Леонид Брежнев билік басына 1964 жылғы қазан пленумының шешімімен келді. Биліктен Никита Хрущев аластатылды. Бұл саяси шешім, бүгінгі тарихшылар пікірінше, билік үшін тартыста әдейі ұйымдастырылған төңкеріс делінеді. Алайда, кейбір тарихшылардың пайымдауынша, әлемдік саясатта ұрда-жық әрекетімен, жеңілеткігімен, үстірт шешімдерімен келемеж күлкіге айналған, АҚШ секілді ұлы державаның басшыларын қорқыныш пен үрейде ұстаған Хрущевтің биліктен ысырылуы табиғи заңдылық ретінде де бағаланады.

Леонид Брежнев кеңестік империяға тоқырау кезеңі деп аталған дәуірде басшылық жасады. Бұл дәуір тарихқа «қырғи-қабақ» соғыс атауымен енген Кеңес Одағы мен АҚШ арасында жанталаса қаруланумен жарысқан дүрбелеңге толы уақыт болды. Брежнев билік құрған 1964-1982 жылдары Кеңес Одағының халқы мамыражай өмір сүрді. Шындығын айтумыз керек, бұл тұтастай алғанда, бүкіл социализм дәуіріндегі елдің мұңсыз тірлік жасаған кезеңі еді. Тенгермешілік жүйеге құрылған жоспарлы экономика кемшілігіне қарамастан, халықты әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етті. Ешкім «ертеңгі күнім қалай болар екен» деп алаңдамады. Бірақ, экономикадағы құлдырау нақ осы кезеңде басталды. Ақыры кез келген нәрсені жоспарлап бөлу шаруашылық салаларын тұрлатып бітті. Аталған тақырып өзге әнгіменің өзегі болғандықтан біз бүгінгі айтпағымыздан ауытқымай, Бас хатшының жеке басының болмысына қатыстыларын баяндауды жөн көрдік.

Леонид Брежнев өмірде, тіпті, қаласаныз саясатта да өте қарапайым болды. Сол қарапайымдылығы оның ішкі сезімінің сыртқа шығуынан әрдайым көрініс беріп тұратын. Ол аң аулауға, машина жүргізуге құмар еді. Бас хатшының кейін әртүрлі кеселге шалдығып, ерте қартаюына әсер еткен көп факторлардың бірі ретінде қызы Галинаның әлепсіз қылықтары себепші болғаны туралы көбірек айтылады.

Галина Брежнева сән-салтанатты өмірге бейім болып өсті. Алтын, гауһар тастарға, әсем бұйымдарға үйірсектігі, отбасына қатысты жеңіл желпі қадамдары туралы КГБ арқылы жеткен деректер әке психологиясына қатты әсер етті. Бас хатшы іштей күйзелді. Жүйкесі шаршады. Қызы полковник Чурбановка күйеуге шыққанда бас хатшының көңілі жай тапты.

– Міне, Галина осы жолы дұрыс істеді, – деп шаттанды Леонид Ильич. – Жігіттің сұлтаны деп осыны айт, өзі полковник. Қайдағы ұшып-қонып жүрген әртістерге жабысқанша, әлдеқашан осылай жасау керек еді...

Чурбанов кейін генерал-полковник дәрежесіне көтерілді. Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары болды. Әрине, оның қызмет сатысымен өрлей көтерілуіне Брежневтің тікелей ықпалы болғаны шындық. Бас хатшы қайтыс болғаннан кейін Чурбановтың үстінен қылмыстық іс қозғалып ол 10 жылға сотталды. Ал Ішкі істер министрі Шелоков Брежневтің со-

ғыстың алғашқы жылдарында Днепрпетровскіде танысқан досы еді.

Брежневтің ішкі сырын жасыра алмайтын қарапайымдылығы, оның адамдарға деген аяушылық сезімі оның қызметте ұзақ отыруының басты факторы еді. Кеңес Одағының идеологиясын ұзақ жыл басқарған хатшы Михаил Суслов мемлекеттің бүкіл саяси стратегиясының бағыт-бағдарын айқындап отырғаны тарихтан белгілі. Бірақ, Бас хатшы Сусловты тым қазымырлығы үшін іштей жақтыра бермейтін. Сонымен бірге бұл сезімін кейде сыртқа шы-

# БАС ХАТШЫНЫҢ БОЛМЫСЫ

ғарып та отыратын. Өмірде қарапайым Брежнев кезекті бір баяндамасы дайындалғаннан кейін көмекшілеріне:

– Жігіттер, менің баяндамама Маркстен үзіндіні жиі келтіретіндерінді байқап жүрмін, – деді. – Осыны азайтсаңдар қайтеді. Халық менің марксизмді соншалықты қатты оқымағанымды бәрібір біледі ғой...

Бұл Брежневтің шынайы сезімі еді. Себебі, әрбір дайындалған баяндама Сусловтың талдау сүзгісінен өткізіліп, жөнделіп барып бас хатшыға ұсынылатын.

Кеңес Одағының Ауғанстанға әскер кіргізуі мемлекеттің сыртқы саясатындағы үлкен қате шешім болғаны туралы қазір көп айтылуда. Соғыстың аты соғыс. Оның алғашқы жылдарында кеңес әскерлері үлкен шығынға ұшырады. Осылардың барлығы, әлбетте, қалың халықтан жасырылды. Жекелеген отбасыларына қорғасын табыттағы мүрделер келіп жатқанымен, көпшілік нақты жағдайдан бейхабар еді. Осындай ауыр сәттерде Брежнев зілбатпан ой үстінде жүрді. Саясатта абайламай жасаған қадамды әп-сәтте жөндеу мүмкін емес. Ол уақыт өте келе жөнге келеді. Брежнев ауыр ой үстінде түннің мезгілсіз уақытында бар ашуын өзінің майдандас досы, Кеңес Одағының Қорғаныс министрі Дмитрий Устиновтен алды.

– Дима, бл-дь... – деді ол ашудан жарылардай болып, – ты же говорил, что все это на короткое время. Мы до сих пор воюем. Оказываются там много наших ребят гибнут. Они же наши дети, внуки... – деп телефон тұтқасын қоя салады.

Брежнев отбасымен саяжайға демалуға жиналады. Бас хатшының жұбайы үйінде жұмыс етігін таба алмай шыр-пыры шығып жатқанда оған күзетшілері көмекке келеді. Үйдің астан-кестені шығып жатқанын байқаған Леонид Ильич мәселенің байыбына көзі жетіп, әйеліне:

– Виктория, бұл жұмыс менің күзетшілерімнің міндетіне кірмейді.

– Олар сенің етігіңнің қайда жатқанын қайдан білсін, – деп абыр-сабыр күйге түскен көмекшілеріне тоқтам салған көрінеді.

Осы айтылғандар біздің ойдан шығарғанымыз емес. Бас хатшының бүгінде көзі тірі көмекшілерінің, күзетшілерінің ол туралы жазған естеліктерінен алынған мысалдар.

Кремльдің жаңа басшысы кеңестік идеологияға қатысты саясатта түбірлі өзгерістердің болғанын қаламады. Ол өзіне дейінгі Сталинді қаралаған саясатқа үнсіз

ғана тоқтам салды. Ішінара рынок қатынастарына көшуді ұсынған Министрлер Кеңесінің төрағасы Алексей Косыгинді қолдамады. Леонид Ильич асығыс қадамдарға бармады, экономика, елдегі әлеуметтік, халықаралық саясатқа қатысты маркстік-лениндік көзқарас тұрғысынан баға берілді.

АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы бітіспейтін идеология майданында қызу шайқас жүріп жатты. Л.Брежнев спортты жақсы көретін. Жаңа бас хатшының билік дәуірінде Кеңес Одағы спорттан

рай ұтып, кеудесіне нан піскендерді жерге қаратты. Күтпеген, айтулы жеңіске Брежнев балаша қуанды.

Социалистік қоғамның ұраншыл жүйесінде спорт саласында көтеріңкі міндеттеме қабылдау үрдісі өз дәстүрінен жаңылған жоқ. Бас хатшының құрметіне 1972 жылы КСРО-ның құрылғанына 50 жыл толуына орай «Олимпиададан – 50 медаль!» атты көтеріңкі міндеттеме қабылданды. Абырой болғанда бұл көтеріңкі міндеттеме асыра орындалды. Кеңес спортшылары Мюнхен олимпиадасынан 52

# БАС ХАТШЫНЫҢ БОЛМЫСЫ

медальмен оралды.

Бас хатшының жеке өмірде, үлкен саясатта болсын әр нәрседен секем алып, тырнақ астынан кір іздеуі оның болмысына жат еді. Идеологияға басшылық жасап, барлығын сүзгіден өткізіп отыратын Суслов коммунистік идеалдарға қарсы «әрекеттің» кез келгенінің алдын алып отыратын. 1971 жылы экранға Г.Данелияның «Джентельмены удачи» фильмі шықты. «Қайдағы бір ұрықарылар, қылмыскерлер! Социализм идеалдарына қайшы келеді!» Суслов фильмнің жарыққа шығуына тыйым салды. Ал осы сәтте Брежневтің фильмді саяжайда көріп, күлкіден ес жия алмай жатқанын бас идеолог қайдан білсін. Ақыры бас хатшының пәрменімен фильм жарыққа шықты. Жалпы Брежнев жаңадан шыққан фильмдерді бірінші болып өзі көруге тапсырыс беріп отыратын. Жоғарыдан қолдау таппаған көптеген фильмдер оның жеке рұқсаты бойынша экранға жолдама алып жатты. Кеңестік дәуірдің өзінде сол заманның кемшіліктерін комедиялық тұрғыда астарлап болса да кейіпкерлер сөзімен жеткізіп отыратын шығармашылық өкілдері біршама еркіндік алды.

Брежнев Аркадий Райкинді айрықша құрметтеді. Оның астарлап айтқан әзіл-оспақтарын түсінікпен қабылдады. Әйгілі әртістің Брежневпен тікелей телефон байланысы болды деген әңгіме шындыққа әбден жанасады.

Әлемдік денгейдегі социалистік ұлы державаның бірінші басшысына саяси оқиғалардың күрт өзгеруі салдарынан болатын түйінді мәселелерді шешу оңайға соқпады. Қиын-қыстау сәттердің өзінде Брежнев күрмеуі күрделі түйіндерді барынша байсалды шешуге тырысып бақты. Бірақ лениндік идеологияға бағынған саясаттың әдеттен тыс шараларға баруға мәжбүрлегені де шындық.

1968 жылы Чехославакияда бүлік шықты. Елге Кеңес әскері енгізілді. Іле-шала шекара дауы бойынша Даманск бекетінде екі социалистік ел – Кеңес Одағы мен Қытай арасында қарулы жанжал болды. 31 Кеңес шекарашы қаза тапты. Сол жылдары Кеңес Одағы мен Чехославакия хоккейшілері мұз айдынында әлем тәжі үшін тартысып, аралық ойындарда кеңес құрамасы екі мәрте жеңілген еді. Сол жылдары Чехославакия құрамасының шабуылшысы Недомански кеңес құрамасы үшін тажалға айналды. Ел арасында сол кезеңде:

«Кеңес Одағының екі проблемасы бар, бірі – Недомански, екіншісі – Дамански» деген секілді әзіл-шыны аралас әңгіменің таралуы тегін болмаса керек.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары идеологтарды Солженициннің «Гулаг» романы біраз дүрліктірді. Әдетте тырнақ астынан кір іздеп, әр нәрсеге тықыршып шұқшия беретін Сусловқа тоқтам салатын сабырлы бас хатшы осы жолы төзімі таусылған болуы керек, шорт кесті. «Бұл социализмді, Ленин құрған жүйені қорлау ғой», – деді ол әріптестеріне ойын ашық сездіріп. Бас хатшы айтты, бітті. Жазалау механизмі әпсәтте іске қосылды.

Брежнев АҚШ президенті Картэрмен жақсы қарым-қатынаста болды. Бұл екі ел арасындағы салқындықты жұмсартуға септігін тигізді. Соның өзінде Кеңес Одағында еврейлердің эмиграциясына тыйым салынған деген желеумен бас хатшының алдына осы мәселе көлденең тартыла беретін. Ол осы жолы саяси қулыққа барды. Сусловқа:

– Осыларды тынышталдырсақ қайтеді? Мысал үшін, ескі еврей тілінде апталық газет шығарсақ... Ол тілді бәрібір ешкім түсінбейді ғой» – деді Брежнев, тұйықтан жол тапқандай болып.

70-ші жылдардың соңында Бас хатшының денсаулығы мықтап сыр бере бастады. Ол тіпті түнді ұйқысыз өткізетін болды. Бірінші басшылардың денсаулығына жауап беретін министрліктің төртінші басқармасының бастығы Е.Чазов осы қызметке КГБ төрағасы Юрий Андроповтың жеке ұсынысымен тағайындалған еді. Осылай болуы заңдылық еді. Ұлы империяның бірінші басшысының денсаулығына жауап беретін дәрігер барлық жағынан кіршіксіз таза болуы керек. Қызметке тағайындалар алдында Брежнев оған: «менің алдымда болғандардың барлығы «қымбатты Леонид Ильич, сіздің сенімдізді ақтаймын» – деп құрдай жорғалағысы келіп тұрады. Ал сен ештеңе айтпадың, сол үшін қызметке тағайындалдың», – деді ризашылық сезімін жасыра алмай.

Үлкен саясатта пендешілік тұрғысында, әдетте билік үшін тартыста кейбіреулердің “байкамай” сыр алдырып қалатыны бар. Брежнев 70-ші жылдардың соңына қарай ауруханада жиі жатып қалатын болды. Осы уақытта Кеңес Одағының басшылық элитасындағы екінші тұлға – Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы Николай Подгорный бас хатшының көңілін сұрап, жиі келгіштейтін болып алды. Ол тіпті Брежневтің халін аса бір қызығушылықпен сұрағыштай беретін. Билік үшін тартыста белгілі топтардың ара салмағын жіті бақылап отырған КГБ төрағасы Ю.Андропов Подгорныйдың осалдығын онтайлы пайдалана білді. Л.Брежнев Подгорныйды зейнетке шығарып, екі қызметті қоса атқаратын болды.

Л.Брежнев 1982 жылдың қараша айында қайтыс болды. Оның орнын саяси қаржыластарын алдын ала бас көтертпейтіндей етіп жаншып тастаған Юрий Андропов басты.

\*\*\*

**ДЕРЕККӨЗДЕРІ:** Ресей тарихшылары: Л.Ивашовтың, А.Колесниктің, С.Кудряшовтың және басқаларының деректі әңгімелерінен сұрыпталып дайындалды.

**Жолдасбек АҚСАҚАЛУҰЛЫ.**

## КЛАССИКАЛЫҚ ӘН КЕШІ

**А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық филармония әртісі республикалық, халықаралық вокалистер конкурстарының жеңімпазы Назым Сағынтайдың классикалық ән кеші өтті. Кеште ҚР Мәдениет қайраткері К.Ботабаевтың жетекшілігімен Тұрмағамбет халық аспаптар оркестрі өнер көрсетті.**

Назым үстіміздегі жылдың мамыр айында Ресейдің Волгоград қаласында өткен “Дельфийлік Волгоград-2014” атты І Еуропалық жастар дельфийлік ойындарында өнер көрсетіп, конкурстың “Алтын медалін” жеңіп алған болатын.

Өнер кешінде әнші өз репертуарындағы әндерді орындап, көрерменін жаңа орындауларымен қуантты.

**М.МЕРЕЙ.**

## «СЫР ТОЛҚЫНЫ» ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШАДЫ

**Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалы дирекциясының және мәдениет бөлімдерінің бірлескен жобасына сай Шиелі және Жаңақорған аудандарында «Сыр толқыны» атты аймақтық жастар фестивалі өткізілді.**

Бұл фестивальдің мақсаты шеткі аймақтардағы талантты жастардың қабілетін ашу мен қатар олардың арасындағы озық шыққандарының облыстық байқауда бақ сынауына жол ашу болып табылады.

Шара шарттарына сай әр ауданда өнерге

жақын жастар жиналып, өз туындыларын оқыды. Қазылық жасаған Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының жетекшісі Қаршыға Есімсейтова, ақын Қатира Жәленова мен Адырбек Сопбековтер үздіктерді саралап, олардың алдыңғы орынға шыққандарына марапат қағаздарымен қатар облыстық мүшәйраға жолдама берді.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**

Жаңақорған, Шиелі аудандары.









ӘЛЕМДІК ДОП ДОДАСЫ

Ескерту!  
“Қазақстан” ҰТА-да тікелей эфирде көрсетілетін барлық ойындар “KAZsport” теле-арнасында қатарласып көрсетіледі (финалдық кездесуде өтетін 64-ойыннан басқасы түгел).  
Финалдық 64-ойын мен жабылу салтанатын тек “Қазақстан” ҰТА мен “Евразия” Бірінші арнасы тікелей эфирде көрсетеді.

| күні                           | “Қазақстан” ҰТА                                                                              | “KAZsport”                                                                                    | “Еуразия” бірінші арнасы                                                           |
|--------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|
| 14 маусым                      | №5 ойын - Колумбия - Грекия (22.00),<br>№6 ойын - Кот`Д`Ивуар-Жапония (07.00)                | №5 ойын - Колумбия - Грекия (22.00),<br>№6 ойын - Кот`Д`Ивуар-Жапония (07.00)                 | №10 ойын - Франция-Гондурас (01.00)                                                |
| 15 маусым                      | №9 ойын - Швейцария -Эквадор (22.00), №11 ойын - Аргентина - Босния және Герцеговина (04-00) | №9 ойын - Швейцария - Эквадор (22.00), №11 ойын - Аргентина - Босния және Герцеговина (04.00) | №13 ойын - Германия -Португалия (22.00),<br>№14 ойын - Гана - АҚШ (04.00)          |
| 16 маусым                      | №12 ойын - Иран - Нигерия (01.00)                                                            | №12 ойын - Иран - Нигерия (01.00)                                                             | №17 ойын - Бразилия - Мексика (01.00)                                              |
| 17 маусым                      | №15 ойын - Бельгия -Алжир (22.00),<br>№16 ойын - Ресей -Корея (04.00)                        | №15 ойын - Бельгия -Алжир (22.00),<br>№16 ойын - Ресей -Корея (04.00)                         | №20 ойын - Австралия - Нидерланд (22.00),<br>№19 ойын - Испания - Чили (01.00)     |
| 18 маусым                      | №18 ойын - Камерун -Хорватия (04.00)                                                         | №18 ойын - Камерун -Хорватия (04.00)                                                          | №23 ойын - Уругвай - Англия (01.00)                                                |
| 19 маусым                      | №21 ойын - Колумбия - Кот`Д`Ивуар (22.00),<br>№22 ойын - Жапония - Грекия (04.00)            | №21 ойын - Колумбия - Кот`Д`Ивуар (22.00),<br>№22 ойын - Жапония - Грекия (04.00)             | №24 ойын - Италия - Коста-Рика (22.00),<br>№26 ойын - Гондурас-Эквадор (04.00)     |
| 20 маусым                      | №25 ойын - Швейцария - Франция (01.00)                                                       | №25 ойын - Швейцария - Франция (01.00)                                                        | №29 ойын - Германия - Гана (01.00)                                                 |
| 21 маусым                      | №27 ойын - Аргентина - Иран (22.00), №28 ойын - Нигерия - Босния және Герцеговина (04.00)    | №27 ойын - Аргентина - Иран (22.00), №28 ойын - Нигерия - Босния және Герцеговина (04.00)     | №31 ойын - Бельгия - Ресей (22.00),<br>№32 ойын - Корея - Алжир (01.00)            |
| 22 маусым                      | №30 ойын - АҚШ - Португалия (04.00)                                                          | №30 ойын - АҚШ - Португалия (04.00)                                                           | №35 ойын - Австралия - Испания (22.00),<br>№34 ойын - Хорватия - Мексика (02.00)   |
| 23 маусым                      | №36 ойын - Нидерланд - Чили (22.00),<br>№33 ойын - Камерун - Бразилия (02.00)                | №36 ойын - Нидерланд - Чили (22.00),<br>№33 ойын - Камерун - Бразилия (02.00)                 | №40 ойын - Коста-Рика - Англия (22.00),<br>№37 ойын - Жапония-Колумбия (02.00)     |
| 24 маусым                      | №39 ойын - Италия - Уругвай (22.00),<br>№38 ойын - Грекия - Кот`Д`Ивуар (02.00)              | №39 ойын - Италия - Уругвай (22.00),<br>№38 ойын - Грекия - Кот`Д`Ивуар (02.00)               | №43 ойын - Нигерия - Аргентина (22.00),<br>№41 ойын - Гондурас - Швейцария (02.00) |
| 25 маусым                      | №44 ойын - Босния және Герцеговина - Иран (22.00),<br>№42 ойын - Эквадор - Франция (02.00)   | №44 ойын - Босния және Герцеговина - Иран (22.00),<br>№42 ойын - Эквадор - Франция (02.00)    | №45 ойын - АҚШ - Германия (22.00),<br>№47 ойын - Корея - Бельгия (02.00)           |
| 26 маусым                      | №46 ойын - Португалия - Гана (22.00),<br>№48 ойын - Алжир - Ресей (02.00)                    | №46 ойын - Португалия - Гана (22.00),<br>№48 ойын - Алжир - Ресей (02.00)                     |                                                                                    |
| 27 маусым – демалыс күні       |                                                                                              |                                                                                               |                                                                                    |
| 28 маусым                      | №49 ойын – 1А – 2В (22.00)                                                                   | №49 ойын – 1А – 2В (22.00)                                                                    | №50 ойын – 1С – 2D (02.00)                                                         |
| 29 маусым                      | №52 ойын 1D – 2С (02.00)                                                                     | №52 ойын 1D – 2С (02.00)                                                                      | №51 ойын – 1В – 2А (22.00)                                                         |
| 30 маусым                      | №54 ойын 1G - 2Н (02.00)                                                                     | №54 ойын 1G - 2Н (02.00)                                                                      | №53 ойын – 1Е - 2F (22.00)                                                         |
| 1 шілде                        | №55 ойын 1F – 2Е (22.00)                                                                     | №55 ойын 1F – 2Е (22.00)                                                                      | №56 ойын – 1Н - 2G (02.00)                                                         |
| 2, 3 шілде – демалыс күндері   |                                                                                              |                                                                                               |                                                                                    |
| 4 шілде                        | №58 ойын (22.00) 53 - 54                                                                     | №58 ойын (22.00) 53 - 54                                                                      | №57 ойын (02.00) 49 - 50                                                           |
| 5 шілде                        | №59 ойын (02.00) 51 -52                                                                      | №59 ойын (02.00) 51 -52                                                                       | №60 ойын (22.00) 55 - 56                                                           |
| 6, 7 шілде – демалыс күндері   |                                                                                              |                                                                                               |                                                                                    |
| 8 шілде                        |                                                                                              |                                                                                               | №61 ойын (02.00) 57 - 58                                                           |
| 9 шілде                        | №62 ойын (02.00) 59 - 60                                                                     | №62 ойын (02.00) 59 - 60                                                                      |                                                                                    |
| 10, 11 шілде – демалыс күндері |                                                                                              |                                                                                               |                                                                                    |
| 12 шілде                       | №63 ойын (02.00)                                                                             | №63 ойын (02.00)                                                                              |                                                                                    |
| 13 шілде                       | Жабылу салтанаты №64 ойын (01.00)                                                            |                                                                                               | Жабылу салтанаты + №64 ойын (01.00)                                                |

Жарамсыз деп танылсын

Сүйегенов Ержан Кеулімхошұлына 1998 жылы Сырдария ауданы №36 орыс орта мектебін бітіргені жөніндегі берілген МОБ №009566 нөмірлі аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

\*\*\*

Маханбетов Серіктің 2005-2006 оқу жылында Шиелі ауданы, Ақтоған а/о, Досбол би ауылындағы №155 Д.Шыныбеков атындағы орта мектепті бітіргені жөнінде берілген ОБ №1614846 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

\*\*\*

Акайдарова Лаура Ануарбекқызына 2005 жылы Шиелі ауданы, Майлытоғай ауылындағы №141 Қ. Сәбилов атындағы орта мектепті бітіргені жөнінде берілген ОБ №1482164 аттестатының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

\*\*\*

Абдираев Сабыржан Кулбековичтің атына Қызылорда қаласы, Талсуат а/о, Талсуат ауылындағы, Алматы көшесі, 66 үй (Талсуат а/о, Алматы көшесі, 66) бойынша берілген 11.03.2009 жылғы №0192336 жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі, 10.12.2008 жылғы №22 шешім жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

\*\*\*

Нұрқасымова Күляхия Каматқызына 1980-1981 оқу жылында Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентіндегі №11 орта мектепті бітіргені жөнінде берілген №892272 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

★Хабарландыру газетпен ұсынылған жағдайда, жол ақысы төленеді.

КӨЗ ХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

Көз ауруларын анықтау және емдеу

★Лазермен көздің көруін түзету

●Глаукома

●Миопия

●Катаракта

●Гиперметропия

★Факосмульсификация (тігіссіз хирургия)

●Қылилық

Лазерлік хирургия және көз қабағының операциясы

Тараз қ., Абай даңғылы № 277 үй. ☎ 8(7262) 540-540, 541-444

e-mail: optimed@mail.ru

www.optimed.kz

«Сыр бойы»,  
«Кызылординские вести» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:  
70-00-49, 70-00-52  
телефондары арқылы байланысуға болады.  
E-mail: smjarnama@mail.ru

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Кұмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішіндегі бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасының қоршаған ортаны қорғау бөліміне қатысты құжаттаманың Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефондары (7242) 29-92-11.**

\*\*\*

«ПетроҚазақстан Кұмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Кұмкөл оңтүстік кенішіндегі ҚТО ММӨЖ-2 (мұнай мөлшерін өлшеу жүйесі) жүйесінен МДАЦ (мұнай дайындау және айдау цехы) резервуар паркіне дейін дренаж желісін тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефондары (7242) 29-92-11.**



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының қолданыстағы 2001 жылғы 17 шілдедегі №245-ІІ «Автомобиль жолдары туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қыркүйектегі №845 «Жол шаруашылығын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру туралы» Қаулысын басшылыққа ала отырып, жалпы пайдалымдағы республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент», «Қызылорда-Жалағаш», «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын сақтау, сондай-ақ автожолдардың барлық жүйелерінде қауіпсіз және үздіксіз жол қозғалысын қамтамасыз ету үшін, кешенді бағдарлама бойынша жоспарлы жұмыстар атқарылады.

Республикалық маңызы бар автожолдардың бойындағы елді мекендердің аумағынан өтетін жолдарда малдардың жол үстінен өтіп, көлік құралдары қозғалыстарының қалыпты қозғалуларына кедергі келтірумен қатар, жол-көлік оқиғаларына әкеліп соқтыруда. Жол апаттары салдарынан көлік құралдарына көп көлемді материалдық шығындармен бірге қайғылы және

ауыр зардапты жол апаттары орын алуда. Үй-науарларына соғып кету деректерімен орын алған жол-көлік оқиғалары автожол бойындағы барлық аудандарда тіркелуде.

Жоғарыда аталған Қаулының 5-тармағы: «32. Автомобиль жолдарында: ... малды жол арқылы арнайы бөлінген жерден тыс, сондай-ақ тәуліктің қараңғы кезінде және жеткіліксіз көрінетін жағдайда айдап өтуге, малды төсемі жетілдірілген жолмен айдауға және оларды жолдың жолақ бөлігінде жаюға ... тыйым салынады.» делінген тармақтарына сәйкес, автожолдардың бойында орналасқан елді мекендердегі малдарды ұйымдасқан түрде бағуды ұйымдастыру жергілікті ауылдық округтері әкімдері мен шаруашылық төрағаларының назарына ұсына отырып, жергілікті тұрғындарға – мал иелеріне жол бойында келешекте келеңсіз жағдайлардың болмауына мүмкіндік жасауларыңызды сұрайды. Автомобиль жолдарын пайдаланудың тәртібін бұзғаны үшін, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, жауапкершілік қарастырылған (7-тармақ, 45б).

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПетроКазахстан Венчерс Инк.» Филиалы «Қызылорда облысы Оңтүстік Досжан кенішін сынамалы пайдалану жобасына» «Алдын-ала қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша жария тыңдаулардың өтетінін хабарлайды. Жария тыңдаулар 2014 жылдың 4 шілдесінде сағат 09-30-да келесі мекен-жай бойынша өтеді: Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі нөмерсіз, «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» АҚ-ның ғимаратының 206 кабинеті конференц-залы.

Қағаз нұсқасындағы жобаның материалдарымен мына мекен-жай бойынша танысуға болады: Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі нөмерсіз, «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» АҚ-ның ғимаратының 206 кабинеті. Электрондық нұсқадағы жоба <http://infoel.ru/pk/1.pdf> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстарды [bmproductionastana@gmail.com](mailto:bmproductionastana@gmail.com) электрондық поштасына жіберуге болады.

\*\*\*

«Қуатамлонмунай» БК ЖШС «Қызылорда облысы Сырдария ауданы Қоныс кен орнында №362,363,364,365 және 366 көлденең ұңғымаларды орнатудың техникалық жобасына» «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша жария тыңдаулардың өтетінін хабарлайды. Жария тыңдаулар 2014 жылдың 4 шілдесінде сағат 11-00-де келесі мекен-жай бойынша өтеді: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі нөмерсіз, «Байқоныр» бизнес орталығының конференц-залы.

Қағаз нұсқасындағы жобаның материалдарымен мына мекен-жай бойынша танысуға болады: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі нөмерсіз, «Байқоныр» бизнес орталығының конференц-залы. Электрондық нұсқадағы жоба <http://infoel.ru/kam/1.pdf> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстарды [bmproductionastana@gmail.com](mailto:bmproductionastana@gmail.com) электрондық поштасына жіберуге болады.



Доктор Р.Хайруллинанмен кездескенге дейін менің салмағым 106 келі (айтуға қорқынышты) болды. Өмір қаптаған қайғыдан тұрды: гипертония, шаршап-шалдығу, тыныс алу қиындығы, жүрегім ауырды, мұның бәрі ашыққан адам кейпінде жүріп жатты.

Қазір бір жарым жыл өткеннен кейін біраз салмақ тастап, мен өткен өмірімді қорқынышты түсті көремін.

Мен докторға шын жүректен алғысымды айтамын, ол маған шын мәнінде жаңа өмір сыйлады. Қызылорда қаласында 2014 жылдың 28 маусымында сағат 16.00-де болады.



бұрын 106 кг

қазір 68 кг.

**Тел.: 22-38-22, 8-705-411-64-98, 8-775-803-75-57.**

## Хабарландыру

“РЕАР” ЖШС консалтингтік компаниясы мынадай қызметтерді ұсынады:

- 1.Бизнес-жоспар
- 2.Шеберлік-жоспар
- 3.Ауылдық, қалалық жерлерде жеке кәсіпкерліктің дамуы жайлы.

**Байланыс телефондары: 8 7242 30 20 92, 8 705 951 04 80, 8 800 080 70 77 (қоңырау шалу тегін), элек.почта [toorear@mail.ru](mailto:toorear@mail.ru)**

## Қоғамдық пікір

ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 жылғы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша Нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ҚазГерМунай» БМ ЖШС-нің «Ақшабұлақ кен орнында №№47, 48, 49, 253, 261, 262, 288, 289, 294, 362 ұңғымаларына құбыр жүргізу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» жобасына қоғамдық пікірді тіркеу үшін ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды. Ұсыныстар мен ескертулер Сырдария ауданы, Қонаев көшесі №8 және [engineering@mail.ru](mailto:engineering@mail.ru) электронды поштасы арқылы қабылданады. Байланыс телефоны: 87242212853.

## Жарқын бейнен кетпейді естен, жан әке!

Үстіміздегі жылдың 23 наурызында асқар таудай аяулы әкеміз, немерелерінің сүйікті атасы, ағайынның арқа сүйер ардақтысы Сақтағанов Абсат Әбдуалиұлы дүниеден озды. Әкеміз 1937 жылы Арал ауданында дүниеге келген. Сольтрест орта мектебін бітіргеннен кейін Қызылорда ауылшаруашылық техникумының механикалық бөлімін, Алматы ауылшаруашылық институтының инженер-механикалық факультетін және бүкілодақтық бухгалтерлік курстың инструкторлық-бухгалтерлік бөлімін бітірген. 1958 жылдан бастап 2008 жылға дейін 50 жыл «Аралтұз» комбинатында қатардағы жұмысшыдан бастап, қосарланған цехтар бастығына дейін абыройлы еңбек етті. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып ұзақ жылдар бойы мекеменің комсомол, партия комитетінің хатшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Өзінің барлық білімі мен күш-жігерін өндірісті өркендету мен жастарды тәрбиелеуге жұмсады, ұжым арасында үлкен беделге ие болды. Атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, СССР және Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігінің құрмет грамоталарымен, бірнеше рет мерекелік медальдарымен, Қазақстан ВЛКСМ Орталық комитетінің Құрмет грамотасымен екі рет облыстық, аудандық кәсіподақ комитеттерінің грамоталарымен дүркін-дүркін марапатталды, «Ғасыр тұзшысы» атағына ие болды. Жергілікті және аудандық Кеңестің депутаттығына бірнеше рет сайланды.

Елдің, ағайынның арасында да асқан беделге ие болған, үлкенге іні, кішіге қамқор болған азамат еді.

2 ұл, 5 қыз тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Барлығы жоғары білімді, бірі ұстаз, бірі дәрігер болып абыройлы қызмет атқаруда.

Немере, шөбере сүйген бақытты әке болатын. Алла алдыңыздан жарылқасын. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, иманыңыз жолдас болсын.

Әкеміз Абсат Әбдуалиұлы Сақтағановтың жүзі 21 маусым күні сағат 12.00-де Арал ауданы, Жақсыкылыш кенті, №5 үйде берілетінін барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, тілеулес жандарға хабарлаймыз.

Еске алушылар: **балалары.**

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті Құмкөл МДАЦ маманы Ағайдаров Ғалымжанға және мұнай-газ өндіру бөлімінің өндіруді есепке алу жөніндегі маманы Абдраимова Айнұрға апалары

### Әйгерімнің

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

\*\*\*

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті автомобиль көлігі қызметінің диспетчері Табынбаев Бақытқа және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 1-санатты инженер Табынбай Төребекке аналары


### Табынбаева Миранштың

қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

# АЛМАГ.

## Буындардың ауруын ақылмен емдейміз!

*Буындардың аурулары – адамдардың ежелден келе жатқан аурулары. Буындардың ауруына Ақсақ Темір, Петр I, Пушкин, Тургенев те шалдыққан болатын. Қазіргі таңның өзінде, буындардың ауруларын емдеуге арналған препараттардың орасан зор мөлшеріне қарамастан, ауруды жеңу оңайға соқпайды. Бірақ қажетті біліміңіз болса, бұл қиыншылықты да жеңуге болады!*



Буындардың ауруы – бұл ауырсыну, қызару, ісіну және атқарымдардың бұзылуы. Дәрі-дәрмек тағайындалады. Бірақ препарат сіңірілген қанның буынға жетуі қиындайды: ауыратын мүшедегі ісіну, қанның тоқтап қалуы, қан айналымының бұзылуы оған жол бермейді. Науқас адам бірнеше ай бойы дәрі ішуі мүмкін, бірақ қан айналымы жақсармағанша еш нәтиже шықпайды. Мұндай жағдайда, әдетте, магниттік терапияны қолдану қажет болады!

Магниттік терапия аппараттарының лайықты өкілі болып АЛМАГ-01 табылады. Ол зақымдалған ұлпалардағы қан айналымын 300%-ға дейін жақсартады! Қан ауруға шалдыққан аймақтарға нәрлі заттар мен дәрі-дәрмекті жеткізе бастайды және зарарын кетіреді. АЛМАГ-01 шораяқ, шорбуын, остеоартроз кезінде сауығуға ықпал етеді. Ол бұлшық еттердің ауруын, қабынуын, түйілуін басуға, бұлшық еттің қозғалғыштығын жақсартуға және аурудың үдеуін тоқтатуға мүмкіндік

береді.

АЛМАГ-01 аппаратын кәсіпорын шамамен жиырма жыл бойы шығарып келеді және осы уақыт бойы ол орасан зор абыройға ие болды. Аппарат медициналық мекемелерде де, үй жағдайында да аурудың елу шакты түрлерін емдеу үшін пайдаланылады.

Бірақ ілгерілеу орнында тұрмайды. Қазіргі таңда одан да күрделі ауруларды емдеуге арналған АЛМАГ-02 деп аталатын анағұрлым бірегей аппарат шықты. Мысалы, коксартроз кезінде ұсынылады. Неге дәл осы АЛМАГ-02? Себебі осы ауру кезінде адамның денесінде терең орналасқан жамбас буыны зардап шегеді. Оған магниттік өрісті жеткізу үшін аппараттың кең өрісі болу керек. Осы уақытқа дейін емдеу арнайы техникамен жабдықталған медициналық мекемелерде ғана жүргізілген еді. Бірақ қазір АЛМАГ-02 бар, бұл – жаңа ұрпақтың аппараты, онымен коксартрозды үй жағдайында да емдеуге болады. АЛМАГ-02 аппаратының магниттік импульстерінің сіну тереңдігі жамбас буынына жету үшін

және оған айтарлықтай нәтижелі әсер ету үшін жеткілікті. Сонымен қатар, коксартроз кезінде магниттік өріс буынға ғана емес, сонымен қатар омыртқаның бел-құйымшақ бөлігіне де әсер еткені жөн. Қосымша сәулелендіргіштері болуының арқасында АЛМАГ-02 осы тапсырманы орындай алады! Коксартрозге АЛМАГ-02 аппаратымен қос соққы беру қайтадан қозғалып, өмірдің қуанышына бөленуге мүмкіндік береді!

АЛМАГ-02 аппаратында әр ауру үшін магниттік өрістің қажетті параметрлері бар дербес бағдарлама құрастырылды, бұл коксартрозды ғана емес, сонымен қатар остеоартрозды, инсультті, тамырдың түйнеліп кеңею ауруы, бронх демікпесі, қант диабетінің асқынуы, бауырдың аурулары, созылмалы панкреатит, қуықта тас жиналу сияқты ауруларды және көптеген басқа ауруларды жеңуге мүмкіндік береді.

Емдеуді ақылмен, дұрысырақ айтсақ, АЛМАГ аппараттарының бірімен жүргізген жөн!

АЛМАГ-01 және АЛМАГ-02 аппараттарын Қызылорда қаласындағы көрме-сатылымда сатып алыңыз, ол 16 маусымнан 18 маусым аралығында сағат 11:00-ден 19:00-ге дейін мына мекен-жай бойынша өтеді: Токмағамбетов к-сі, 1 үй, «Доктор плюс» дәріханасы, тел.: 26-17-58 Толығырақ Жедел желі телефоны бойынша біле аласыз! 8-8000-80-40-40

Қарсы көрсетімдері бар. Маманнан кеңес алыңыз. [www.elamed.kz](http://www.elamed.kz)



## ЖАРТЫ ҒАСЫРДАН КЕЙІНГІ ЖҮЗДЕСУ



Жаңақорған кенті орталығындағы №51 М.Қаратаев атындағы орта мектепте 1964 жылы осы білім ұясын бітірген түлектердің басқосуы болды. Мектеп алдында бір біріне таңырай, тебірене, енді біреулер болса осыны қайдан көрдім дегендей адыра қарап тұрса, енді біреулері шұңқырай құшақтаса көрісіп жатыр. Келген қонақтарды мектеп директоры Манасбай Тұрабаев бастаған бір топ мұғалімдер күтіп алды. 50 жылдық кездесуді ұйымдастыршылардың басшысы Тұрсынхан Құрманбеков бастаған бір топ жігіт ағалары ұстаздарын да күтіп алды. Олардың арасында Фатима Тілеубаева, Мавжуда Бегалиева, Хадиша Баязитова мен Жүніс Үпенов секілді ардагер ұстаздар бар. Мектепті екі сыныпта 30 ер бала мен 16 қыз бала бітірген болса, сол ұлдардың 25-і, қыздың 15-і

кейін жоғары білім алды. Бұлардың арасынан екі азамат ғылым докторы, бір азамат ғылым кандидаты атанса, оны аудан, облыс көлемінде түрлі мекеме басқарса, үшеуі әкім болып, мемлекеттік қызмет атқарған.

Белгілі жазушы, журналист Жақсылық Рахматұлла ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, облыстық «Сыр бойы» газетіне бірнеше жыл бас редакторлық қызмет еткен болса, Алшынбай Тұртанов Қазақстан Республикасының құрметті құрылысшысы. Қысқаша айтқанда, олардың арасынан ғалым, акын, жазушы да, мекеме басшылары да, ұстаздар мен кәсіпкерлер де шыққан.

Ардагер ұстаздар Ф.Тілеубаева, М.Бегалиева мен Х.Баязитова және Ж.Үпенов шәкірттерінің

сол кездегі алғырлығын, кейбіреулерінің күлкілі мінездері туралы еске алып, солардың бұл күндері үлкен ел сыйлаған азамат болғандарын өздері мақтаныш ететіндіктерін жеткізді.

Шәкірттер атынан Астанадан келген академик, биология ғылымдарының докторы, профессор Сардар Әбіс, ардагер ұстаздар жанарықтық Айсара Ысқакова, қызылордалық Айымкүл Нәтаева, жаңақорғандық Сәпия Оңғарбаева өздерінің осыдан 50 жыл бұрынғы оқушы жастағы өмірлерінің қызықты күндерін еске алып, бұл күндері ел ағасы, ел анасы атанған қарияларға айналып келе жатқандығына шүкіршілік жасайтындықтарын жеткізді.

Жиын соңынан «Таң» мейрамханасында қайтыс болған сыныптастарына арнап ас беріп, құран бағыштады.

Қ.ЕРУБАЙ.

### «НҰР ЖАН» ЖУРНАЛЫ-СЕРІГІҢІЗ

Үстіміздегі қасиетті Жылқы жылынан бастап Сыр өңірінің ақпарат айдынына қауырсын қанатын қондап қонған «Нұр Жан» журналы ә дегеннен-ақ өзекті тақырыптарымен оқырманын елең еткізді. Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-көпшілік, рухани-танымдық бұл басылым тақырып аясының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Сүйікті халқының рухани қоржынына адамзаттың асыл қазынасы-денсаулық, халқының әлеуметтік ахуалы, имани болмысы, тарихы мен мәдениеті, басқа да зәру мәселелерін қамтитын «Нұр Жан» басылымы деректі мағлұматтарға бай қызықты мақалалары мен түрлі-түсті суреттермен тартымды боп таныла бастады.

Сіздің ертеңгі күні рухани серігіңізге айналып, сүйікті басылымыңызға айналатын «Нұр Жанға» «Қазпошта» байланыс бөлімшелерінен индексі 74215, жарты жылға 1500 теңгеге жазыла аласыз.

Қазақ атамyzдың ұлы тұлғасы Шәкәрім Құдайбердінің «Ақ жолдан айныма» атты өсиетін ақиқаттың ақ жалауы ғып желбіреткен «Нұр Жан» журналының келешек өмір жүгін өрге сүйреп, ұрпаққа рухани тәрбие беру мектебіне айналатыны анық.

Ендеше, «Нұр Жан» журналына нұрлы жол тілеп, баршамыз бір кісідей ұйымшылдықпен жазылуға атсалысайық, ағайын!

Н.САҒАДАТ.



## Қызылордада алғаш рет! Аждар (Исмаил)

(Сертификат №057-К10.07.2012 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Қазақстан халықтары емшлері қауымдастығы» берген)



**ТМД-дағы балгерлер мен емшілер арасындағы аты шыққан үш емшінің бірі.**



**Кәмила, Орал қаласы.**

Мен балгерлердің алдына барып көрген емеспін. Бірде көлікте келе жатып «Исмаил» деген есімді көріп, оған көңіл аударған жоқпын. Сонан бірнеше күн бойы түс көріп, бір кісінің (шамасы, Исмаил, бірақ мен оның жүзін көрген емеспін) мені шақырып: «несіне қиналып жүрсең, келсейші» деп сөйледі. Үшінші күн дегенде мен өзімді ұстай алмай келдім. Сонан қан қысымым жақсарып, мойын омыртқадағы түз кетіп, бас ауру қойды. Көңіл-күйім көтеріліп, адамдарға үрейленбей қарайтын болдым. Сөйтіп, адамдарға көмектесетін адамның барына қуандым. Исмаилға ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеймін.



**Жасұлан, Қарағанды қаласы.**

Біз, ерлі-зайыптылар, Исмаилға ерекше алғысымызды білдіреміз. Ол бізді көптеген аурудан, соның ішінде дуа мен ұйқысыздықтан, бас аурудан емдеді. Дәрігерлер ми қан тамырлары зақымданған, жоғары қан қысымы бар деген. Сонан жедел жәрдем шақыратынбыз. Қазір бәрі жақсарды. Күйеуімде қуық асты безінің қабынуы болып, көп дәрі ішетін. Бірақ олар көмектесе алмады. Қазір Сіздің шипалы еміңіздің арқасында оның бәрі жақсарды. Біз сізге ризашылығымызды білдіре отырып, сізге зор денсаулық, бақыт, ұзақ өмір тілейміз.



**Раушан, Ақтау қаласы.**

Аждар (Исмаил) емшіге шын көңілден ризашылығымды білдіремін. Мені көптен бері жүрек, қан тамырлары аурулары мазалап жүрген Қан жүйесіндегі қан айналымының нашар болуы ішкі ағзамды ауыртты. Исмаилдан 10 сеанс ем алғаннан кейін жағдайым жақсара бастады. Қазір өте жақсымын көңіл-күйім де тамаша. Өмір сүргім келеді. Осындай күйге жеткізген Исмаилға шын жүректен рахмет айтамын. Ол осындай қалыптан айырылмай, адамдарға көмегін көрсете берсін. Сізге мықты денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеймін.

Аждар – бұрынғы Кеңестер Одағына танымал биоэнерготерапевт.

ТМД елдері халық емшілері конгресінің лауреаты. Оның емдеу нәтижелері тылсым күш иелері мен атақты ғалымдарды таңқалдырып жүр. Ол дыбысты толқын деңгейінде, электромагниттік тербелісте жұмыс істейді.

Аждар сіздің созылмалы аурудан арылуыңызға көмектеседі. Аждардың кереметтігі сол, ол дуалап, алдап-арбап қаратуды, көз тиюді, қарғысты және көптеген ауруладың бетін қайтарады. Сонымен қатар ол өзінің қасиетін қолымен әрі биоэнергиясымен төмендегідей ауруларды емдейді:

- бас ауруы;
- қан қысымының көтерілуі;
- тыныс алу жүйелерінің проблемалары;
- асқазан-ішек жүйелерінің проблемалары;
- бүйрек ауруын, кіші дәрет шығатын жолды;
- бауыр, өт жолы;
- қалқанша без;
- әйелдер ауруларын;
- қол мен аяқ буындарын;
- бел ауруын;
- бала көтермеуді;
- көру және көптеген ауруларды;
- жүрек-қан тамырлары ауруларын

карта ашады – 2000 тг.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 54, кіреберіс көше беттен

Қабылдау күндері: 2014 жылдың 16 маусымы – 16 шілде аралығы сағ. 10.00 – ден 16.00 – ге дейін

**АЛҒАШҚЫ КЕҢЕС БЕРУ ТЕГІН**

Тел.: 8 777 183 12 24, 8 705 804 20 99.

Меншік иесі:

**Сыр медиа**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі  
тел/факс 70-00-36

**Сыр медиа**

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

**БАС РЕДАКТОР**

Жұматәли ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың  
орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

**Бөлімдер:**

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73  
экономика - 70-00-41, 70-00-68  
әлеумет және саясат - 70-00-48  
жарнама - 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38  
заңгер - 70-00-42  
компьютер орталығы - 70-00-34  
корректор бөлімі

**меншікті тілшілер:**

Арал, Қазалы:  
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:  
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru  
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ" ақыл қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы **22158**

Тапсырыс № 515

Электрондық оқылым – 21000